



«Орталық Азия – Қытай» саммиті:

АСТАНА ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

3

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №55 (6617) 20 маусым, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz



12+

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Әлеуметтік инфрақұрылым:

БАСТЫ БАҒДАРЛАР, НАҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР

мегаполис тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруды көздейді



Алматы – тарихы мен мәдениеті терең, тау баурайындағы көркем шаһар. Мұндай қаланың әр көшесі, әр ғимараты ерекше сәулеттік сипатқа ие болуы тиіс. Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды осы мақсатта шаһарда жүргізіліп жатқан қайта жаңғырту мен құрылыс жұмыстарын бақылау үшін бірқатар нысандарды аралап, жұмысын жалғастыруда. Бұл жолғы сапар Алмалы мен Бостандық аудандарындағы бірқатар әлеуметтік, мәдени және инфрақұрылымдық жобаларға арналды.

2

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВТЕР:

елімізде 400-ден астам әлеуметтік нысан салынуда

Елімізде заңсыз иемденілген активтерді мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары жалғасуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша бұл қаражат бүкіл ел бойынша жүздеген әлеуметтік нысан құрылысы мен жаңғырту жұмыстарына жұмсалуда.

Басымдық әлеуметтік маңызды инфрақұрылымға беріледі

Қайтарылатын қаражат Қаржы министрлігінің жанынан құрылған Арнаулы мемлекеттік қорға түседі. Қазіргі таңда жалпы құны 318 млрд. теңгені құрайтын 406 жобаны қаржыландыру мақұлданды. Оның ішінде 9 білім беру нысаны, спорт саласындағы 3 нысанды, денсаулық сақтау саласындағы 162 жобаны, сумен жабдықтау саласындағы 159 жобаны қоса алғанда, 333 жоба іске асырылуда. Барлық жоба Мемлекет басшысының әлеуметтік маңызы бар инфрақұрылымды дамыту жөніндегі тапсырмасы аясында жүзеге асырылуда. Білім беру нысандары сапалы білімнің қол-



жетімділігін арттыруға ықпал етеді. Спорт нысандары бұқаралық спортты дамытуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған. Шалғайдағы елді мекендерде медициналық көмек көрсету үшін «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» бағдарламасы аясында медициналық ме-

кемелер құрылады. Су құбыры желілерінің құрылысы 2025 жылға дейін еліміздің барлық қаласы мен ауылын 100% таза ауызсумен қамтамасыз етудің стратегиялық мақсатына сәйкес келеді, бұл – халықтың тұрмыс сапасын жақсарту жолындағы маңызды қадам.

12

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz





Әлеуметтік инфрақұрылым:

БАСТЫ БАҒДАРЛАР, НАҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР

мегаполис тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруды көздейді

(Басы 1-бетте)

АБАЙ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ: құрылыс жұмыстары кестеге сай жүріп жатыр

Қала әкімі Бостандық ауданында бой көтеріп жатқан Абай атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-тың құрылыс алаңына барды.

Жоба аясында 900 орынға арналған мектеп пен интернат, сондай-ақ амфитеатр, инженерлік желілер және автоматты суару жүйесі қарастырылған. Мердігер компаниялардың мәліметіне сәйкес, құрылыс жұмыстары бекітілген кестеге сай жүріп жатыр, межелі мерзімнен кешікпейді. Негізгі тірек болатын монолитті құрылым жеделдетілген қарқынмен құйылып, 10 мамырға дейін толық аяқталған. Соңғы кезеңде демеушілер қаражаты есебінен заманауи дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынбақ. Оның құрамына бассейн, күрес және бокс залдары, жаттығу бөлмелері енеді. Құрылыс 2025 жылдың тамыз айында аяқталады деп жоспарланып отыр.

ӘУЕЗОВ ТЕАТРЫ: ғимараттың тарихи келбеті сақталады

Алмалы ауданындағы жұмыс сапары барысында қала әкімі Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрындағы қайта жаңғырту жұмыстарының барысын көрді. Қазіргі уақытта мұнда кең ауқымды қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Театрдың қасбеті мен ішкі кеңістігі ескіріп, сейсмикалық қауіпсіздік талаптарына сай келмегендіктен, күрделі жөндеу қажет болған. Мердігерлердің айтуынша, басты мақсат – тарихи келбетті сақтау. Сондықтан барельефтер, аспашамдар мен еден жабыны қалпына келтіріледі. Сахна жабдықтары жаңартылып, артистер мен қызметкерлерге арналған жаңа жұмыс орындары, дайындық залдары және техникалық бөлмелер жабдықталады. Барлық жұмыстар театрдың 100 жылдығына орай, 2026 жылға дейін аяқталады.

МҮСІРЕПОВ ТЕАТРЫ: заманауи демалыс аймағы пайда болады

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жөнделіп жатқан А.Иманов атындағы скверге де қала басшысы арнайы барды. Мұнда жаңа кеспе тастар төселіп, сыртқы жиһаздар мен пергола орнатылған. Бұған дейін балалар ойын алаңы мен ит серуендетін аумақ жасалған болатын.

Сквердің Мүсірепов атындағы театрға жақын орналасуы оның безендірілуіне ерекше мән беруді талап етеді. Сәулетші Нелли Лаптева таныстырған жоба аясында интерактивті жарық жүйесі, әткеншек орнатылған пергола, жаңа ойын алаңы мен демалыс орындары қарастырылған.

– Кеңістікті театр тақырыбына сай көркемдеу маңызды. Мұнда да ұлттық нақыш, балаларға арналған ерекше ойын элементтері болуы тиіс, – деді Дархан Сатыбалды.



Жарық құрылғылар қимыл кезінде автоматты түрде жанып, ерекше атмосфера қалыптастырады. Әкім бұл маңайда орналасқан Гоголь көшесіндегі ауланы да аралап, тұрғындармен пікірлесті. Алматылықтар сапалы жұмысты оң бағалады.

САЙРАН СУ ҚОЙМАСЫ: болашақта қала көркін аша түсетін кеңістік

Сапар аясында қала басшысы Сайран су қоймасын абаттандыру жобасының орындалу барысымен танысты. Жобада ұзындығы 2,5 шақырым серуен жолы, жағажай аумағы, балалар мен спорт алаңдары, веложолдар және скейтпарк қарастырылған. Қосымша полиция бекеті мен құтқару қызметі үшін орындар салынууда.

– Егер біз жаңа бір жобаны іске асырып жатсақ, оны бірден 10–20 жылға лайықтап жасауымыз керек. Әйтпесе, біраз уақыттан кейін қайтадан жөндеуге тура келеді. Бұл жерде қала тұрғындары мен қонақтары үшін өзіне тән ерекше атмосфера қалыптасуы шарт. Егер Сайранды жаңғыртып, көркейтуге кіріссек, ол заманауи талаптарға сай болуы керек, – деді әкім мердігерге.

Төле би көшесі бойындағы өткел, Абай көшесіндегі пандус, Жұбанов көшесіндегі жедел саты мен Варламов көшесінің асфальт жолы – мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы жағдай туғызу мақсатында жасалған нақты қадамдар. Бұған дейін әкім мердігер компания – «Павлодар өзен порты» АҚ-на құрылыс сапасын күшейту туралы нақты тапсырма берген болатын. Жұмыс барысында қосымша инженерлік шешімдер қабылданып, бұл жалпы мерзімді сәл ұзартады.

ҚҰРЫЛЫС ЖҮКТЕМЕСІ: инженерлік желілер мен жол инфрақұрылымына түсетін салмақ алдын ала ескерілуі тиіс

Шаһар басшысы ескі тұрғын үйлерді жаңарту бағдарламасының іске асырылу барысымен де танысты. Бағдарлама аясында Жамбыл, Шәріпов, Шевченко және Досмұхамедов көшелерінің қиылысындағы 15 ескі үй сүріліп, сол жердегі 78 отбасы басқа жерге көшірілген. Аталған орынға бүгінде жеті жаңа көпқабатты үй бой көтерсе, тағы бір үйдің құрылысы басталған. Нәтижесінде бұл аумақта тұрғындар саны күрт артты. Қазірдің өзінде мұнда 600-ге жуық отбасы қоныстанған. Ал бұл инженерлік инфрақұрылым мен әлеуметтік нысандарға елеулі салмақ салып отыр.

Осыны ескерген қала басшысы жаңарту жобасын көріп шыққаннан кейін жауапты мекемелерге нақты тапсырма берді.

– Қалалық құрылысқа рұқсат бергенде инженерлік желілер мен жол инфрақұрылымына түсетін жүктемені ескеруіміз қажет. Тұрғындар саны артқан сайын жүктеме де көбейеді. Сондықтан әлеуметтік инфрақұрылым құрылысы – негізгі басымдықтың бірі болуы тиіс, – деді қала әкімі.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК: уақыт кестесі тұрақты және қала тұрғындары үшін ыңғайлы болуы керек

Қала әкімі ONAY диспетчерлік басқару орталығына барып, қоғамдық көлік жүйесін бақылау және басқару жұмыстарымен танысты.

Жыл сайын 455 миллион жолаушыны тасымалдайтын мегаполис үшін көлік қозғалысының тиімділігі маңызды. Қазіргі уақытта 206 маршрутта 3,5 мыңнан астам автобус, троллейбус және метро қызмет етеді. Қалада барлығы 6830 аялдама бар.

– Қоғамдық көлік тұрақты және қала тұрғындары үшін ыңғайлы болуға тиіс, – деді қала әкімі. Ол қозғалыс кестесін сақтау мен аялдамаларда көліктің тізіліп тұруын болдырмау мәселесін көтерді.

Қалада 4,4 миллион ONAY картасы сатылған, оның ішінде 1,3 миллионы – әлеуметтік. Мобильді қосымша арқылы виртуалды карта да қолжетімді. Дархан Сатыбалды диспетчерлік жүйені жетілдіру, қозғалыс аралығын біріздендіру, тасымалдаушылардың жауапкершілігін арттыру және цифрлық картаның барлық жолаушылар санатына қолжетімді болуын қамтамасыз етуді тапсырды.

САПА МЕН МЕРЗІМ – БАСТЫ ТАЛАП Құрылыс жұмыстары қыркүйекке дейін аяқталады

Дархан Сатыбалды Түркебаев көшесінде салынып жатқан кәріз жүйесі құрылысының барысымен де танысты. Жоба аяқталған соң 6800-ден астам тұрғын жүйеге қосылады. 2024 жылы алты көшеде 5 шақырым желі тартылса, 2025 жылы тағы 15 көшеде 10 шақырым құбыр салынады. Қазіргі таңда соның 10-ында жұмыс жүріп жатыр. «Сапа мен мерзім – басты талап. Қыркүйекке дейін құрылыс аяқталуы тиіс», – деді қала басшысы мердігерге. Кепілдік мерзімі – 5 жыл.

Шаһар басшысы №3 қалалық емханаға да барды. Қазіргі таңда ғимараттың ішкі жүйелері жаңартылып, қасбеті қапталып, бөлмелер қайта жабдықталған. Емхана ғимаратының 95 пайызы дайын. Дархан Сатыбалды жұмыс сапары барысында айтылған тапсырмалардың орындалуы – Алматы тұрғындарының өмір сүру сапасына тікелей әсер ететінін атап өтті.

Әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ



«Орталық Азия – Қытай» саммиті:

АСТАНА ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

Мемлекеттер басшылары мәңгі тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойды

Елорда төрінде өткен Орталық Азия – Қытай саммиті көпжақты дипломатияның аймақтық ерекше үлгісін көрсетті.

Саммит нәтижесінде тек өңірлік ғана емес, жаһандық маңызы бар өзекті мәселелер бойынша да нақты мәлімдемелер жасалды. Астанада қабылданған декларацияда көлік байланысы, жасыл энергетика, энергетика саласындағы ынтымақтастық және қауіпсіздік мәселелері жан-жақты қамтылды. Мәдени-гуманитарлық байланыстар, киберқауіпсіздік саласындағы әріптестік, логистикалық сауда тораптарын дамыту, экономикалық байланысты арттыру және ғылыми-зерттеу жобаларына қолдау көрсету бойынша нақты бастамаларға жол ашылды. Астана декларациясы аясында, Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы байланыстардың ауқымы мен бағыты айқындалды. Мақаламызда жаһан назар аударған Орталық Азия – Қытай саммитінде қол жеткізілген келісімдер мен жетістіктерді саралап, олардың мәні мен мазмұнына талдау жасап көрелік.

- 2024 жылы Орталық Азия мен Қытай арасындағы сауда айналымы 95 млрд. долларға жетті. Аталмыш көрсеткіштің 46%-ы елімізге тиесілі.
- Қытай елімізге 26 млрд. доллардан аса инвестиция салған. Қазақстандағы 5 мыңға жуық кәсіпорында Қытай капиталының үлесі бар.

2026–2030 жылдарға арналған даму стратегиясы

Ауқымды саммит жайлы жаһандық БАҚ жарыса жазып, Орталық Еуразия даласында жаңа күш орталығының қалыптасып, аймақта Қытай ықпалының артып



(Дереккөз: www.akorda.kz).

келе жатқанына ерекше назар аударды. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі таңдағы Қазақстан мен Қытай қарым-қатынасын «алтын кезең» деп бағалады. Қос ел бүгінде тікелей екіжақты байланыстан бөлек, көпжақты БҰҰ, ШЫҰ, СВМДА, BRICS+ және «Орталық Азия – Қытай» алаңдары аясында әріптестігін дамытып отыр.

Екінші саммиттің қорытындысы бойынша Қытай мен Қазақстан арасындағы көпсалалы 24 ведомствоаралық келіссөздерден бөлек, аймақтық деңгейде Орталық Азия мен Қытайдың 2026–2030 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарын қабылдаудың маңызы ерекше. Байқағанымыздай, қазіргі таңда Орталық Азия елдерінің ұстанымы мен мақсаты айқындалып, өңірлік интеграцияға кедергі болатын барлық түйткілді мәселелер шешілген. Орталық Азия елдері ортақ ұстаным аясында, Қытаймен «Мәңгі тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы» шартқа қол қойды.

Жаһандық геосаяси күштердің теңгерімі өзгеріп, әлемнің түрлі аймақтарында мүдделер қақтығысы күшейіп жатқан тұста, бұл шарттың мәні мен мазмұны Орталық Азия елдері үшін ерекше маңызға ие. Саммит аясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше атап өткен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің «Тағдыры ортақ көршілес елдер қоғамдастығын» құру бастамасы – өңірлік интеграция үшін символдық мәні зор қадам деп білеміз.

Себебі, халықаралық саясатта, постпандемиялық кезеңде Қытайдың Орталық Азиядағы ықпалы экономика мен сауда салаларында үш есеге өсіп, гуманитарлық, әлеуметтік, мәдени және білім беру бағыттарында да қарқынды дамуда. Қазақстан мен Қытай арасындағы визасыз режимнің енгізілуі, екі ел арасындағы тек іскерлік емес, азаматтық байланыстарды да едәуір нығайтты. Өткен жылы Қытайда Қазақстан туризмінің жылы жарияланса, биыл Қазақстанда Қытай туризмінің жылы ретінде аталып өтілуі – қос елдің

өзара сенімінің және ортақ көзқарасының айқын көрінісі.

Көпвекторлы дипломатиялық стратегия бүгінде тек Қазақстанның ғана емес, тұтас Орталық Азияның ортақ ұстанымына айналды. Өңір экономика, мәдениет және қоғамның өзге де маңызды салаларында әлемнің барлық жетекші күш орталықтарымен тең дәрежеде байланыс орнатуда.

Экономикадан – ғылыми зерттеулерге дейін

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саммит барысында Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы жаңа әуе жолдарының ашылуы мен логистикалық әлеуеттің артуына ерекше назар аударуы тек отандық емес, халықаралық БАҚ-тың да назарын аудартқанын байқадық. Себебі, Қытай мен Қазақстан арасындағы байланыс экономика мен логистика салаларынан тыс, білім мен ғылым, қорғаныс, мәдениет салаларында да жаңа серпін алуға негіз қалыптасқанының куәсі болып отырмыз.

Қытайдың ғылыми-зерттеу орталықтары ғылыми мақалалар жариялау мен зерттеу нәтижелерін патенттеу саласында жаһандық көшбасшыға айналып отыр. Технологияны өндіріске енгізу мен инновацияны қоғам игілігіне тиімді қолдану тұрғысынан да Қытай әлем елдерінің алдында келеді.

Сондықтан геосаяси тұрғыда Қытаймен шекаралас болу – тек сауда бағыттары арқылы ғана емес, қоғамның барлық салаларында ұлттық мүддемізді ескере отырып көпжақты стратегиялық байланыс орнату уақыт талабы деп санаймыз.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Тұран» университеті.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЖАҒАН НАЗАРЫНДАҒЫ ЖИЫН

«Орталық Азия – Қытай» форматындағы екінші басқосу несімен есте қалды?

«Орталық Азия – Қытай» форматындағы кездесу биыл екінші рет ұйымдастырылды. Алғашқы саммит 2023 жылы Қытайдың Сиань қаласында өткен еді. Биыл Астанада өткен саммит алты мемлекет үшін де табысты аяқталды. Саммит қорытындысы бойынша Астана декларациясы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы мәңгі тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы шарт жасалды. Бұдан бөлек, үшінші саммитті 2027 жылы Қытайда өткізу келісілді.

Қазақстан жан-жақты әріптестікті қолдайды

Жиынға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев төрағалық етті. Ол өз сөзінде мынадай бастамалар көтерді:

- Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық ықпалдастықта «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастық орталығы әлеуетін толық пайдалану;
- Еліміздің транзиттік әлеуетін тиімді пайдалану үшін Қытай тарапына Каспийдегі «Құрық» портын да жүк терминалын бірігіп салу;
- Қытайдың ядролық энергетиканы дамытудағы бай және табысты тәжірибесін ескере отырып, аталған стратегиялық салада орнықты ынтымақтастық орнату;
- 2026 жылды «Білім беру және ғылыми зерттеулер жылы» деп жариялау;
- «Орталық Азия – Қытай» форматының 2026–2030 жылдарға арналған ұзақ мерзімді даму стратегиясын әзірлеу.

Қытай өңірлік ынтымақтастықты дамытуға мүдделі

ҚХР төрағасы Си Цзиньпин өз сөзінде «Орталық Азия – Қытай рухын» дәріптеп, өңірлік ынтымақтастықты одан әрі дамытуды ұсынды. Оның сөзінше «Орталық Азия – Қытай рухының» негізгі құндылықтары төмендегідей:

- Өзара құрмет пен теңдік. Елдер арасындағы үлкен-кішілігіне қарамастан тең құқықтық және кеңесу негізінде шешім қабылдаудан көрініс табады.
 - Сенім мен қолдау. Тәуелсіздік, егемендік, аумақтық тұтастықты қолдау, бір-бірінің негізгі мүдделеріне зиян келтірмеу арқылы жүзеге асады.
 - Өзара тиімділік пен даму. Пайдалы серіктестік, ашық тәжірибе алмасуға қол жеткізумен сипатталады.
 - Жанашырлық пен бірлік. Елдердің ішкі ерекшеліктерін құрметтей отырып, қиындықтарды бірге еңсеру.
- Бұл құндылықтар батыс елдерінің ұсынатын идеяларынан ерекшеленіп тұр.

Аймақ елдері сауда-экономикалық байланысқа басымдық береді

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев мемлекеттер арасында сауда-экономикалық байланысқа аса мән берді. Ол мынадай бастамалар көтерді:

- Премьер-министрлер орынбасарлары деңгейінде әрекет ететін Сауда және инвестициялар жөніндегі өңіраралық кеңес құру.
- «Цифрлық белдеу және жол» шеңберінде «Электронды Жібек жолы» көпжақты сауда платформасын ұйымдастыру.
- Ташкентте Өңірлік өнеркәсіптік стандарттау және сертификаттау орталығын құру.
- «Орталық Азия – Қытай» индустриялық және инфрақұрылымдық белдеуі» атты ұзақ мерзімді стратегияны әзірлеу.

Ал Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров Қытаймен қарым-қатынаста көлік-транзиттік, энергетика, қаржы және электронды коммерция, білім және ғылым, туризм және қауіпсіздік салаларына мән берілетінін мәлімдеді.

Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон сауда-экономикалық әріптестіктің негізгі бағыттары ретінде энергетикалық сектор, өнеркәсіп, табиғи байлықтарды өңдеу, көлік және жүк тасымалы, ауыл шаруашылығы салаларын атап өтті. Ал Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов энергетика саласындағы әріптестік негізгі бағыт екенін атап өтті. Бұдан бөлек, ол мәдени байланысты дамытуды ұсынды.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





БРИФИНГ

ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА СҰРАНЫС БАР

Мегаполисте жыл басынан бері
20 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылды

Шаһарда жыл басынан бері 20,2 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылды. Бұл туралы Алматы қаласының Халықты жұмыспен қамту орталығының директоры Әділет Жаңабаев Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында хабарлады.

Нұржамал
Әліш

Спикердің айтуынша, олардың ішінде 14,9 мыңы тұрақты және субсидияланатын жұмыс орындарына орналас-тырылған. Жыл соңына дейін қалада кемінде 87,2 мың жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр. 2024–2029 жылдарға арналған Еңбек нарығын дамыту тұжырымдамасы аясында биыл Алматыда 8,3 мың жаңа жұмыс орны ашылды. Оның 98,2 пайызы – тұрақты жұмыс. Жалпы жоспар бойынша биыл 87,2 мың жұмыс орны құрылуы тиіс, оның 73,3 мыңы – тұрақты жұмыс.

Сонымен қатар, 1,7 мыңнан астам жас кәсіпкерге «Бастау Бизнес» жобасы аясында қолдау көрсетілді. 3 мыңнан астам азамат кәсіби оқудан өтті. Олардың 2831-і – онлайн (skills.enbek платформасы арқылы), ал 167-сі офлайн форматта білім алған. Бұдан бөлек, 17,5 мыңға жуық мектеп оқушысы, студент және жұмыссыз азаматқа кәсіби бағдар берілді.

2025 жылғы 16 маусымдағы жағдай бойынша оқуға 167 адам жолданған. Олардың 70-і оқуды аяқтап, 47-сі жұмысқа орналасқан. Қазіргі уақытта 31 мамандық бойынша 763 бос жұмыс орны бар. Олардың қатарында тігінші, шаштараз, автоэлектрик, кондитер, са-тушы және басқа да кәсіптер бар.

Жастар тәжірибесі бағдарламасы – жұмыс тәжірибесі жоқ жас мамандарға мамандығы бойынша алғашқы ақылы жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді. Биыл бұл бағдарлама арқылы 236 адам жұмысқа орналасқан.

Жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар нәтижесінде Алматы қаласында жұмыссыздық деңгейі 4,6%-дан 4,5%-ға дейін төмендеген.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әділет ЖАҢАБАЕВ,
Алматы қаласы Халықты жұмыспен
қамту орталығының директоры:

ВАУЧЕРЛІК ЖҮЙЕ
жұмысқа орналасуды
жеңілдетеді

Қысқамерзімді кәсіби оқыту мен жастар тәжірибесі бағдарламалары табысты іске асуда. Бағдарлама шеңберінде мемлекет оқып жатқан азаматтарға ай сайын 43 574 теңге көлемінде стипендия немесе 20 АЕК мөлшерінде еңбекақы төлейді. Сонымен қатар, оқу орталықтарына немесе жұмыс берушілерге оқыту қызметі үшін мемлекет ай сайын 70 мың теңге төлейді. Оқуды аяқтаған азаматтарды жұмыс беруші кемінде 6 айға жұмысқа алуы тиіс.

Бүгінде жұмыссыз азаматтар кәсіби дағдысын растау мүмкіндігіне ие болып отыр. Осы мақсатта ваучерлік жүйе енгізілді. Бұл өз кезегінде жұмысқа орналасуды жеңілдетеді. Ваучерлер кәсіби біліктілікті тану орталықтары арқылы беріледі және жұмыссыздар үшін бұл қызмет тегін. Ваучер алу үшін азаматтың «жұмыссыз» мәртебесі болуы, Career Enbek платформасына тіркеліп, жеке кабинет арқылы онлайн өтініш беруі қажет. Біліктілікті тану туризм, қонақ үй бизнесі, ақпараттық технологиялар, әлеуметтік қызмет көрсету салалары бойынша жүргізіледі.

Былыр Алматыда еңбек жолын жалғастырғысы келетін белсенді зейнеткерлерге қолдау көрсету мақсатында «Алтын жас» жобасы іске қосылған болатын. Осы бағдарламамен – 704 зейнеткер, биыл – 350, жалпы саны 1 054 зейнеткер жұмысқа орналасқан. Басты мақсат – еңбекке қабілетті барлық азамат үшін жұмыспен қамтудың тиімді тетіктерін жасау және мемлекеттік қолдауды толық іске асыру.



ЗЕРТТЕУ

САРАПШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

Елімізде биыл қандай мамандықтарға сұраныс
жоғары екені белгілі болады

Қазақстанда алдағы 5 жылда ең сұранысы жоғары болатын мамандықтар тізімінде мұғалімдер мен тәрбиешілер көш бастап тұр.

Рая
ЕСКЕНДІР

Қазіргі зерттеуге сенсек, орта мектеп мұғалімдеріне, есепшілерге, күзетшілерге, сатушыларға, жүргізушілерге сұраныс жоғары болып тұрған көрінеді. Екінші орында жоғары білімі бар жұмысшы мамандар тұр. Сол үшін жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру бағытындағы жұмыстар қолға алынып отыр. Сарапшылардың болжауынша, ауыл шаруашылығы саласы жұмысшыларының, жүргізуші-жеткізушілердің, құрылысшылардың және тамақ өнеркәсібі саласы мамандарының саны көбейе түседі.

Еңбек ресурстарын дамыту орталығының сарапшылары келтірген дерекке көз жүгіртсек, алғашқы бестікте мектепке



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

дейінгі білім беру мекемесінің тәрбиешісі, гуманитарлық және жаратылыстану бағытындағы пәндердің мұғалімі, бас-тауыш сыныптардың мұғалімі және орта мектепте өзге де пәндерден сабақ беретін мұғалімдер тұр. Ал маман қажеттілігі жоғары сала – IT индустрия.

Сондай-ақ, мейірбике, әлеуметтік қызметкерлер мен консультанттар, жеке күтім бойынша көмекшілер, жоғары және орта білім беретін мұғалімдер саны аздап өседі. Сарапшылардың болжауынша, ауыл шаруашылығы саласының жұмысшылары, жүргізуші-жеткізушілер, құрылысшылар, сатушылар және тамақ өнеркәсібі саласының жұмысшылары саны көбейе түседі. Еңбек ресурстарын дамыту орталығының мәліметінше, 2025–2030 жылдары елімізде түрлі салада 1,6 млн. маман керек болатын сыңайлы. Олар: жоғары, орта, арнайы білімі бар мамандар, басшылар және арнайы біліктілігі жоқ жұмысшылар. Себебі, бұл – еңбек нарығындағы ең ауқымды бөлікті алып жатқан мамандықтар.

Бұған қоса, алдағы 5 жылда еліміз техникалық және кәсіптік білімі бар жұмысшылар тапшылығын сезінуі мүмкін. Ол жалпы еңбек нарығындағы сұраныстың тең жартысынан асады. Құрылыс саласында да кадрға жоғары сұраныс сезілуде.

ВАУЧЕР

ПИЛОТТЫҚ
ЖОБА

жүзеге асып жатыр

Қазақстанда 2024 жылдан бастап мектеп-ке дейінгі ұйымдарда ваучерлік қаржы-ландырудың пилоттық жобасы іске қосыла бастады.

Ваучерлік жоба дегеніміз не? Жүйе ең алдымен қаржыландыру процесінің ашықтығын қамтамасыз ететін басты шартты қамтиды. Яғни «ақша балаға беріледі». Қаражат ата-аналар баланың қатысу табеліндегі деректерді растағаннан кейін ғана аударылады. Бұл жобаға орай маусым-шілде айларында Алматы, Ақтау, Ақтөбе, Атырау және Қызылорда қалаларындағы балабақшаларда ваучерлік қаржыландыру жүйесі енгізіледі. Жыл соңына дейін еліміздің барлық өңіріндегі мектепке дейінгі білім беру ұйымдары аталмыш жобаға қосылуы тиіс.

Жоба ең алдымен Тараз қаласында қолданысқа енгізілді. Бүгінде облыстық маңызы бар 15 қала мен еліміздің екі өңіріндегі 5 ауданда жүзеге асырылып жатыр. Олардың қатарында Тараз, Шымкент, Түркістан, Орал, Астана, Семей, Өскемен, Қостанай, Қарағанды, Петропавл, Павлодар, Жезқазған, Талдықорған, Қосшы, Қонаев қалалары мен Жамбыл облысының Байзақ, сондай-ақ Түркістан облысының Сарыағаш, Сайрам, Мақтаарал, Қазығұрт, Жетісай аудандары бар. Жобаға сәйкес, ата-аналарға балабақшаны өз қалауы бойынша таңдау мүмкіндігі берілген. Ваучерлік қаржыландыру жүйесі белгіленген талаптарға сай келетін және бос орындары бар мектепке дейінгі ұйымдарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Оқу ағарту министрлігінің мәліметінше, қазіргі таңда ваучерлік қаржыландыру жүйесіне 3 мыңнан астам мектепке дейінгі ұйым қосылды. Осы уақыт ішінде 230 мыңнан астам бала мектепке дейінгі біліммен қамтылып, Тараз, Түркістан, Шымкент, Орал, Астана қалаларында ваучер жүйесі енгізілгелі бері кезек 44 пайызға қысқарған көрінеді.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

МЕТРО мен BRT ЖЕЛІСІ

қала тұрғындарының қозғалысын жеңілдетіп,
мегаполистегі кептелісті азайтуға мүмкіндік береді

Алматы – жастар қаласы. Ірі кәсіпорындар, шағын және орта кәсіп шоғырланған еліміздің экономикалық орталығы. Сондықтан мегаполиске еліміздің түкпір-түкпірінен жаңа мүмкіндіктер іздеген азаматтардың жыл сайын көбеюі заман заңдылығы. Дегенмен, қала тұрғындары санының тоқтаусыз артуы – Алматының инфрақұрылымына, оның ішінде жол-көлік саласына жүктемені арттырып отырғаны да жасырын емес.

Шаһарда 2023 жылы «Алматы қаласының 2040 жылға дейінгі Бас жоспары» қабылданды. Ал 2024 жылы «Алматы қаласының 2030 жылға дейінгі көлік қаңқасының мастер-жоспары» бекітілді. Қала болашағы үшін бағдар беретін құжаттарда көлік инфрақұрылымын дамытуға, оның ішінде метрополитен, BRT, веложол және қоғамдық көлікке аса мән берілген.

Досбол
АТАЖАН

Көлік жүйесінің маңызды элементі

Бүгінгі күні Алматыда бір метро желісі және оның 11 станциясы бар. Тағы бір бекет – «Қалқаман» станциясының құрылысы жүріп жатыр. Ол 2026 жылдың қаңтар айында ашылады деп жоспарланған. Жалпы, жерастымен жүретін жылдам қоғамдық көлік 2024 жылы 27 миллион жолаушыны тасымалдаған. Күніне метроны орташа есеппен 100 мың адам қолданады. Алматы метрополитенінің мәліметіне сәйкес, жолаушы төлемдерінен 2023 жылы – 1,8 млрд. теңге, 2024 жылы – 2,1 млрд. теңге пайда түскен. Биылғы сәуір айының жағдайы бойынша 800 млн. теңгеден астам қаражат жиналды. Осыдан-ақ метро халық арасында сұранысқа ие әрі тиімді көлік екенін аңғаруға болады. Алдағы уақытта қала билігі метрополитен желілерін көбейтуді жоспарлап отыр. Атап айтқанда, алдағы жылдары метроның екінші желісі «Жібек жолы» бекетінен әуежайға дейін, ал үшінші желісі «Сайран» бекетінен жаңа Алатау қаласының шекарасына дейін салынатын болады.

Қазіргі уақытта қала әкімдігінің тапсырмасы бойынша Алматы метросының екінші желісін – «Жібек жолы» станциясынан әуежайға дейінгі аралықта салуға арналған техникалық-экономикалық негіздеме әзірленіп жатыр. Жалпы, жолдың ұзындығы 14 шақырымды құрайды.

«Қалқаман» бекетінің құрылыс алаңына жұмыс сапарымен барған Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды мегаполис өміріндегі метроның маңыздылығы туралы ерекше атап өткен еді.

– Біз «Барлыққа» дейінгі желі құрылысын күтіп отырмай, метроның тағы екі желісінің құрылысын қатарынан бастауды қарастыруымыз керек. Яғни үш жыл күтпей, барлық желі бойынша жұмыс қатар жүруге тиіс. Жалпы, метро – Алматы қаласының көлік жүйесінің маңызды элементі. Ол қала тұрғындарының қозғалысын жеңілдетіп, күн сайын қала жолдарымен жүретін көлік санын азайтуға мүмкіндік береді. Сондықтан метрополитенді дамытуға ерекше назар аударылатын болады, – деді Дархан Сатыбалды.

Автобустардың орташа жылдамдығы – 40%-ға, жолаушылар легі – 30%-ға артады

Алматыда жыл сайынғы жолаушылар саны 455 миллионға жетеді. Бүгінде 206 маршрут бойынша автобустар мен троллейбустарды қосқанда, 3,5 мыңнан астам көлік бірлігі бар. Желі бойынша 27 тасымалдаушы компания жұмыс істейді және 6830 аялдама бар. Бұл статистика қала тұрғындары үшін қоғамдық көліктің маңызын көрсетіп отыр. Сондықтан қаланың көлік қаңқасының мастер-жоспары бойынша Алматыда қоғамдық көлікке басымдық беріледі. Оның біріншісі сатысы – BRT құрылысы. Қазіргі уақытта шаһардың Желтоқсан көшесінде және Райымбек батыр даңғылында BRT желісінің құрылысы жүріп жатыр. BRT арқылы қоғамдық көлік, яғни автобус не троллейбустар кептеліске түспей, ақылды бағдаршамдардың арқасында қиылыстарда уақыт жоғалтпай, заманауи жүйелер арқылы кедергісіз қозғалады. Алматыда алғашқы BRT желісі 2018 жылы Тимирязев көшесінде салынды. Енді Тимирязев бойындағы желі Желтоқсан көшесі арқылы Райымбек батыр даңғылында салынатын жолға жалғасады.

Райымбек даңғылында BRT желісін іске асыру жұмыстары үш бөлікке бөлінген: Пушкин көшесі – Сейфуллин даңғылы (1,8 км), Сейфуллин даңғылы – Ахримен-

ко көшесі (7,2 км), Ахрименко көшесі – Алтын Орда (7,5 км). Ал Желтоқсан көшесінде BRT жолағының жалпы ұзындығы – 4,6 шақырым. Бұл жоба көшедегі автобустардың орташа жылдамдығын 40 пайызға, ал жолаушылар легін 30 пайызға арттырмақ. Негізгі жұмыстарды 2025 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды ONAY қоғамдық көлікті диспетчерлік басқару орталығына жасаған жұмыс сапары барысында қоғамдық көліктің маңызына тағы да мән берді.

– Қаланы аралап жүргенде аялдамада автобустардың тізіліп кезекте тұрғанын көрдім. Мұны реттеу керек. Уақыт кестесі мен көлік қозғалысының аралығы нақты сақталуға тиіс, – деді Дархан Сатыбалды.

Кептелісті тиімді шешуге мүмкіндік беретін экологиялық көлік

2030 жылға дейінгі Көлік қаңқасының мастер-жоспарында велоинфрақұрылымды жүйелі дамыту да көзделген. Көп мемлекеттерде кептеліс пен экологиялық мәселені шешуге мүмкіндік беретін көліктің бұл түріне Алматы әкімдігінің мән беріп отырғаны да бекер емес. Бүгінгі күні мегаполисте 89 шақырым велоинфрақұрылым бар. Оның ішінде: веложолдар – 25 км, веложолдар – 63,8 км. Одан бөлек, қала бойынша велосекциясы бар 73 бағдаршам және велосипедшілерге арналған 1025 жол белгісі бар.

Қалалық мобильділік басқармасының мәліметінше, 2024 жылы Саин – Мөңке би жолайығын салу аясында 2,4 шақырым веложол жабдықталған. Биыл Абай даңғылын қала шекарасына дейін және Саин көшесін Рысқұлов даңғылынан Мөңке би көшесіне дейін ұзарту жұмыстары аясында 7,2 км веложол салынады. Сондай-ақ, Райымбек батыр даңғылы бойынша BRT желісін салу аясында шамамен, 15 шақырымды жабдықтау жоспарланған. Одан бөлек, Алматы қаласы дамуының 2027 жылға дейінгі бас жоспарына сәйкес, алдағы жылдары ұзарту жоспарланған Саин көшесі, Төле би көшесі, Абай даңғылы, Жұбанов көшесі, Рысқұлов даңғылы, Тілендиев көшесі, Солтүстік айналма жолы, Мұқанов көшесі, Хмельницкий көшесі, Райымбек даңғылында велоинфрақұрылым қарастырылатын болады.

Сонымен қатар, Алматы әкімдігіне қарасты «Алматы



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Артур ШАХБАЗЯН,
қалалық Көлік жүйесін дамыту жөніндегі
жобалық кеңсе басшысы:

БАСЫМДЫҚ БЕРІЛУІ ТИІС

Қоғамдық көлікке басымдық беру – өте маңызды. Өйткені, қоғамдық көліктердің тиімділігі жоғары. Қаланың ең басты байлығы – ол кеңістік, жер телімі. Себебі, оны өз қалауымызша соза алмаймыз. Қалада тұрғын үйлер тығыз орналасқан. Алматының орталығында жол-көлік инфрақұрылымын тұрғындардың үйін сүру арқылы ғана кеңейте алмаймыз. Сондықтан бар инфрақұрылымды тиімді қолдануымыз керек. Бір көлік әрі кеткенде 5-6 адамды тасымалдаса, автобус 90–110 адамды дтітеген жеріне жеткізеді. Бұл қарапайым математика. Сондықтан көлік қаңқасының мастер-жоспарына сүйене отырып, қоғамдық көлікті жан-жақты дамытуымыз әрі оған жеке көлікке қарағанда басымдық беруіміз керек.

паркинг» мекемесі қала жолдарына 2 мың электрлі велосипедтерді шығаруды жоспарлап отыр. Қалада бірнеше жылдан бері алматылықтар арасында сұранысқа ие болған Almaty Bike велосипедтерді жалға беру қызметі тоқтап тұр. Енді оның орнын жаңа жоба алмастырады. «Алматы паркинг» велосипедтері қазір қаладағы электросамокаттар секілді минуттық төлем жүйесі негізінде жұмыс істейді.



ОЙТҮРТКИ

КӘСІБИ БАҒДАРЛАУ

мектептен басталуы тиіс

Қазіргі таңда қоғамда «диплом алғанмен, мамандығы бойынша жұмыс істемейтіндер» көп. Қолына диплом алып, бір сала бойынша төрт жыл білім алған жастар кейін мүлде басқа салаға бет бұрады. Бұл – бүгінгі білім жүйесіндегі, еңбек нарығындағы қайшылықтардың бір көрінісі.

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

(Сурет: ЖИ.)

Ертеректе «оқуға түсіп жатыр», «диплом алыпты» деген сөздердің қадірі жоғары еді. «Дипломың болса, аш қалмайсың» деген ұранмен өскен ұрпақ бүгінде өз баласын да дәл сол жолмен алға жетелейді. Бірақ қазіргі жағдайда бұл көзқарас толық ақталмай тұр. Диплом бар, жұмыс жоқ. Жоғары оқу орнын тәмамдаған түлектердің барлығы бірдей өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Себептері көп.

Біріншіден, мамандық таңдау кезінде түлектерге еркіндік берілмейді. Ата-ана «мұғалім бол, дәрігер бол, олар жойылмайтын мамандық» деп, баланың ішкі қалауына қарсы шешім қабылдайды. Балада сол салаға ынта болмағандықтан, оқуын әрең аяқтап, кейін мүлде басқа салада жұмыс істеуге мәжбүр болады.

Екіншіден, оқуға түсу кезінде басты мақсат – білім алу емес, грантқа ілігу немесе қандай да бір диплом алып шығу болып кеткен. Кейде тіпті баланың өзі емес, ата-анасы оқуды таңдаса, оның соңы мамандыққа қызығушылықтың болмауына алып келеді. Осылайша диплом бар, ал сол мамандыққа деген ниет жоқ.

Табысты болу үшін диплом керек пе? Қазір жастар мектеп бітіре салып, жоғары оқу орнына түсіп, диплом алуға асықпайды. Керісінше, өз икемділігіне қарай күнкөріс көзіне айналған бір саланы меңгергісі келеді. Қоғам өміріне етене араласып, бизнеске бейімделуді қалайды. Әрі жастар жалақысы төмен жұмысқа барғысы жоқ.

Себебі де жоқ емес. Дәл бүгінгі қоғамда табысты болу жоғары бедел саналады. Жасы да, кәрісі де әлеуметтік желіде отырады. Сондағы табысты адамдарды көріп, өзіне мотивация алады. Тоқетеріне келгенде, сіз бен біз көріп жүрген табысты адамның дипломы сандықта жатыр. Ақша табу үшін дипломның қажеттілігі жоқтығын алға тартатындар бар. Жастарда «қандай да бір жетістікке жету үшін тек диплом қажет емес» деген түсінік қалыптасқан. Қоғамда жалған дипломмен жүргендер бар екені де жасырын емес. Атап айтқанда, мұғалімдікке жалған дипломмен келгендер анықталған жағдайлар аз емес. Бұл – тек білім сапасына ғана емес, болашақ ұрпақ тәрбиесіне де қауіп төндіреді. Оқу-ағарту министрлігінің дерегінше, жалған құжат жасағандарға да, оны пайдаланғандарға да жаза қарастырылған. Сондықтан мұндай қадам – уақытша пайда үшін болашағыңды қатерге тігу.

Бүгінде екіншісі бірі заңгер, экономист, қаржыгер. Алайда, еңбек нарығы бұл мамандарды толықтай жұмыспен қамти алмай отыр. Мәселен, «Халықаралық қатынастар» мамандығын бітіргендердің басым бөлігі өз саласында жұмыс істемейді. Есесіне, техникалық мамандықтарға сұраныс жоғары. Бірақ жастардың көбі бұл салаға баруға жүрексінеді. Себебі, нақты бағыт беретін кәсіби бағдар жоқ. Мектеп кезінен-ақ қай салаға сұраныс барын дұрыс түсіндіріп, жастарға кәсіби бағдар беру мәселесі өзекті боп тұр.

Жалпы, балаға мамандық таңдауда еркіндік беру, оны икеміне қарай кәсіпке баулу – ата-ананың басты міндеті. Жасыратыны жоқ, қоғамда көп жағдайда ақыл айтып, «мына салада айлық жақсы» деп бағыт көрсету бар. Бірақ бұл – қате кеңес. Мамандық – адамның ішкі қалауы мен қабілетіне қарай таңдалуы тиіс. Көңілі қаламаған салада оқу – білімге деген ынтаны жояды. Сабакқа ниетсіз барып, диплом үшін ғана оқыған жастардың көбі кейін дипломдық жұмысын өзгеге жаздырып, оқуын атүсті, формалды түрде аяқтайды. Бұл – қоғамда сапасыз кадрлар санының артуына себеп болады.

Қандай диплом болмасын, иесіне қуаныш сыйламайтын жұмыста пайда жоқ. Нағыз жетістік – сүйікті ісінмен айналысып, қоғамға үлес қосу дер едік. Еңбек нарығында табысты болу үшін тек диплом емес, қабілет, жауапкершілік, үнемі даму мен өз ісіңе деген шынайы ықылас керек. Сондықтан да жастарды кәсіби бағдарлау мектептен басталуы тиіс. Мемлекеттік деңгейде сұранысқа ие мамандықтар жайлы нақты деректер беріліп, бағыт-бағдар жасалса – дипломы бар жұмыссыздар азаяр еді. Себебі, әр адам өз ісін сүйгенде ғана елге пайдасы тимек.

Бекзат САХИДАВЛЕТОВА, психолог:

Мамандық таңдау – адам өміріндегі маңызды шешімдердің бірі

Қазіргі жастар арасында мамандық таңдауда қателесіп, оқуға қызықпай, жәй ғана диплом алу үшін оқитын жағдайлар жиі кездеседі. Мұның басты себебі – ата-ананың қысымы, қоғамдағы «диплом – табыстың кепілі» деген жалған сенім және кәсіби бағдардың әлсіздігі. Жастар өзінің қабілеті мен қызығушылығын толық танып үлгермей жатып үлкен өмірлік шешім қабылдауға мәжбүр болады. Мамандық таңдау – адам өміріндегі маңызды шешімдердің бірі. Егер адам жанына жақын емес іспен айналысса, ол ішкі күйзеліс, енжарлық, өзін-өзі төмен бағалау сияқты психологиялық қиындықтарға алып келеді. Мұндай жағдайда «жұмыста күйіп кету» (эмоционалдық күйзеліс) синдромы жиі байқалады. Сондықтан жастарға мамандық таңдауда өз ішкі әлеміне құлақ асуға, икемі мен қызығушылығын зерттеуге кеңес берер едім. Ал ата-аналар баласына таңдау еркіндігін беріп, оның жан-дүниесін түсінуге тырысқаны жөн. Бақытты болу үшін міндетті түрде жоғары оқу орнын бітіру шарт емес. Ең бастысы – өз орныңды табу және сол жолда шынайы даму.



ЖАЗ ҚЫЗЫҒЫ «ӨРНЕКТЕ»

Алматы қаласындағы Оқушылар сарайына қарасты «Өрнек» лагерінің алғашқы маусымының ашылуына орай, БАҚ өкілдерінің қатысуымен баспасөз туры ұйымдастырылды. Жазғы демалыс маусымының басталуына ұйымдастырылған іс-шараға қала әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова қатысты.

Рая
ЕСКЕНДІР

Басқосуда жазғы демалысты ұйымдастырудың негізгі бағыттары, ведомстволарлық топтың жұмысы, сондай-ақ қала сыртындағы лагерьлерде сапалы және қауіпсіз демалысты қамтамасыз ету жөніндегі ағымдағы жоспарлар туралы айтылды. Баспасөз туры барысында «Өрнек» лагерінің жазғы маусымының іске қосылуымен, балалардың тамақтануы және бос уақытты ұйымдастырумен, сондай-ақ лагерь жұмысының форматымен таныстық.

Балалар үшін жайдары жаздың нағыз қызған шағы басталды. Жетпіс жылдық тарихы бар «Өрнек» лагері Алматы облысы, Қарасай ауданы, «Долан» кентінде орналасқан. Тау етегіндегі лагерьдің төңірегі керемет табиғат көрінісіне толы. Ауасы таза, аумағы қылқан жапырақты ағаштарға толы. Дәл қазір лагерь бау-бақшасындағы тіл үйілер өрік пен алманың піскен уағы. Сондықтан мұндағы піскен жеміс ағаштарының мұрын жарар иісі сарайыңызды ашып, сергектік сыйлайды. Балалардың орналасқан жатын бөлмелері кең де жарық. Сонымен қатар, «Өрнекте» медициналық пункт, асхана, спорт және ойын алаңдары, жазғы эстрада, 2 компьютерлік сыныптары мен акт залы бар оқу ғимаратымен жабдықталған. Биылғы жазғы демалыс кезеңінде «Өрнек» лагерінде 900 бала демалып, өздерінің демалыс уақытын тиімді өткізіп қайтатын болады. Әрине, олар мұнда өздеріне жаңадан достар тауып, өз ортасын кеңейтеді.

– Лагерьдегі бағдарлама өте ауқымды. Мұнда балалар көптеген пайдалы дағдыларды үйреніп, өздеріне жақын достар

табатын болады. Үйірмелер өте көп. Мәселен, блог жүргізу, актерлік шеберлік, эстрадалық-сахналық дағдыларды дамыту сияқты. Балалар үшін белсенді демалыс, шығармашылық конкурстар мен жарыстар ұйымдастырылады, – деді Әсем Нүсіпова.



Жалпы, жазғы демалыстың әр күні қызыққа толы, ұмытылмастай болғалы тұр. «Өрнек» лагеріне демалу мүмкіндігіне республикалық байқаулардың, пәндік олимпиада жеңімпаздары, көпбалалы отбасы мен ата-ана қамқорынан тыс қалған балаларға арналған мамандандырылған кешеннің тәрбиеленушілері, әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар ие болып отыр.

Балалар үшін лагерьде жаз бойы 5 реттік сапалы әрі құнарлы тамақ мәзірі, алғашқы медициналық көмек ұйымдастырылған. Сонымен қатар, «Өрнекте» демалушылар үшін әр ауысым ғылыми жаңалықтарға, спорттық жарыстарға, шығармашылыққа, ән-күй байқаулары мен шеберлік-сыныптарына, жалпы таңғажайыпқа толы болары анық. Мұндағы барлық іс-шара «Адал азамат» – «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына негізделген. Жыл бойы жұмыс істейтін «Өрнек» лагерінде жазғы кезеңде әлеуметтік аз қамтылған отбасы балалары, көпбалалы отбасы, ата-ана қамқорынан тыс қалған балалар демалса, қысқы мерзімде балалар түрлі жарыстарға қатысып, таза ауада демалады. Еліміздің басқа өңірлерінен арнайы келіп, республикалық және қалалық іс-шараларға қатысушы балалар мен білім беру ұйымдарының педагогтары тынығады.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ФОРУМ

АДАЛ АЗАМАТ – ҰЛТ КЕЛБЕТІ



17–18 маусым күндері Алматыда Қазақстан халқы Ассамблеясы Ақсақалдар кеңестерінің V Республикалық форумы өтті. Республиканың 16 аймағынан Ақсақалдар кеңестерінің төрағалары жиналды. Форумның алғашқы күні қатысушылар электромеханикалық колледжі мен «Metall Prom Group» зауытын аралады. Ақсақалдар елде кәсіби мамандық беру барысымен, кәсіби мамандық иелерінің заманауи жұмыс орындарымен танысты.

Нұрлан
СҮЙІН

Ал 18 маусым күні ақсақалдар Алматыдағы Достық үйінде V Республикалық форум аясында пленарлық отырыс өткізді. Жиын Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары, ҚР Президенті

әкімшілігі Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі М.Әзілхановтың төрағалығымен өтті.

Пленумға ҚР Президенті әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығының басшылығы, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Алматы қаласы әкімдігі, Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы өкілдері, ҚХА өңірлік Ақсақалдар кеңесінің төрағалары, этномәдени бірлестіктердің өкілдері, мемлекеттік органдар, ҰЕҰ-дің өкілдері, «Қоғамдық келісім» РММ қызметкерлері, т.б. қатысты.

Отырысты Алматы қаласы Ақсақалдар кеңесі төрағасы Болат Оспанов ашып берді. ҚХА Төрағасының орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігі ҚХА хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков, ҚР Оқу-ағарту министрлігі Ү.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті А.Тәңірбергенова, ҚХА Аналар кеңесінің төрайымы Н.Шанай ханым, т.б. сөз берілді.

Пленумда Ұлттық құрылтайда «Адал азамат» жобасы бойынша ұсыныс жасаған ел ағаларының бірі, Ақтөбе облыстық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Роман Рахиұлы, Ақмола облысы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Ермек Нұғыман, т.б. өз аймақтарында «Адал азамат» жобасын іске асыру жайын баяндады. Қызылорда облысы Ақсақалдар кеңесі төрағасы Нұрмұрат Ерманов «Жас ұрпаққа еңбек арқылы тәрбие беру» тақырыбында сөз алды.

ҚХА Республикалық этномедитация кеңесінің төрағасы Шерзод Пулатов «Этномедитация – этносаралық келісімді нығайтудың тетігі: Ақсақалдар кеңесінің елдесу мен татуласу үдерісіне қатысуы» тақырыбында баяндама жасады.

Кезекті пленаралық отырыстың басты тақырыбы ретінде Ұлттық құрылтайда қабылданған «Адал азамат» жобасын талқылады. Айта кету керек, бұл жоба Ұлттық құрылтайда Ақсақалдар кеңесі бастамасымен қабылданған болатын.

Отырыста қоғамдық жұмыста көзге түскен бірқатар азаматтарға Қазақстан халқы Ассамблеясының Алғыс хаттары табысталды.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР КҮНІ



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫН –

мәдени құндылықтар мен ұлттық бірегейлікті дәріптейді

Алматыда Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына және Мемлекеттік қызметші күніне орай «АРА 2025 AQYL PARASAT ABYROY» зияткерлік ойыны ұйымдастырылды.

Дана
САДЫРҚАН

Ойынның мақсаты – қазақ халқының тарихын, мәдениеті мен әдет-ғұрпын дәріптей отырып, заңға қатысты сұрақтар арқылы терең білімді қалыптастыру. Мұндай білім бәсекесі патриотизмді дамытуға, мәдени құндылықтар мен ұлттық бірегейлікті құрметтеуді нығайтуға ықпал етеді.

9 топ бақ сынасқан зияткерлік ойын «Ақыл жарысы», «Жылдам қадам», «Жалған мен шындық», «Құпия код», «Батыр-

лар жолы», «Ұлттық мозаика» атты 6 кезеңнен құралды. Қатысушылар үшін әр кезеңнің өзіндік ерекшеліктері болды. Мәселен, алғашқы 4 кезең Конституция мен мемлекеттік қызметтерге арналса, «Батырлар жолы» кезеңінде қазақтың белгілі тарихи тұлғалары дәріптелді. Ал «Ұлттық мозаикада» қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрлері, табиғат пен туған жерге қатысты сұрақтар қойылды. Байқау қорытындысы бойынша Алатау ауданы 1-орын, Түркісіб ауданы 2-орын, Медеу ауданы 3-орынды иеленіп, түрлі сыйлықтармен марапатталды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Алмаз КЕҢЕСБАЙ,
Алматы қаласы
Жастар саясаты
басқармасы
басшысының
орынбасары:

ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Бұл байқау Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментімен және аудандық басқармалармен бірлесе Ата Заңымыздың 30 жылдығына орай ұйымдастырылып отыр. Байқауға 70-ке жуық азамат қатысып, бақтарын сынады. Қатысушыларды іріктеуді Мемлекеттік кірістер департаментінің қызметіне тапсырдық. Байқау мақсаты – мемлекеттік құндылықтарымызды, тәуелсіздігімізді, егемендігімізді дәріптеу. Жыл бойы жалғасатын іс-шараның бірінші кезеңі мектеп оқушыларының арасында өткізілген болатын. Ұйымдастырылатын келесі сайыстарға жалпы мемлекеттік қызметшілер мен әкімдік өкілдерін қатыстыру жоспарда бар.

ДОСТЫҚ МЕЙРАМЫ

«САБАН ТОЙ»

мерекесі тойланды

Бұл игі іс-шара Family park кешенінде өткізілді. Айта кетейік, бұл түркі халықтарына ортақ мереке. Соның ішінде татар, башқұрт халықтары «Сабан тойды» өздерінің ұлттық мейрамы ретінде санайды.



Суретті түсірген Қ.ҚОНЫСБАЕВ.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Мақсаты – еңбек адамын ұлықтау, еңбекті бағалау, егіншілік саладағы диқандардың өнімін көрсету, жас ұрпақты еңбекке баулу. Мерекелік іс-шара Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы, Екінші дүниежүзілік соғыстың 80 жылдығы аясында ұйымдастырылды.

Мерекеді Татарстан басшысы Рустам Миннихановтың құттықтау хаты оқылды. ҚХА және Идел, татар және татар-башқұрт қоғамдық-мәдени орталықтарының бірлестігі іс-шараны ұйымдастыруға мұрындық болды. Іс-шарада ән-би, та-

тар-башқұрт халықтарының ұлттық әуендері шырқалып, өнері, салт-дәстүрі көрсетіліп, спорттық сайыстар өтті.

– Еңбек – адамды шыңдайды ғой. Бұрын үлкендерден қолөнерді үйрендік. Соның ішінде үйде төсек-орын тігуге машықтандық. Кейіннен тоқымаға бейімделіп алдық. Бүгінде жасымыз ұлғайса да, тақия, камзол тігіп, пұлдап қоямыз. Өйткені, татардың бас киімі ерекше ою-өрнектермен бейнеленеді. Ендігі мақсат өзімізден кейінгі жас ұрпақ тігіп үйренсе дейміз. Сонда дәстүр жалғастығы ұрпаққа мұра боп қалады, – дейді қолөнерші Лилия Гафаровна.

НҮРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ – 100

ӘЛЕМ КӨЗ ТІККЕН КӨРМЕ

ЮНЕСКО-да Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына орай халық музыкалық аспаптарының көрмесі ашылды



Биыл еліміз Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығын атап өтуде. Осынау айтулы мерейтой Парижде жалғасын тауып, ЮНЕСКО-ның бас пәтерінде «Шабыт бастауы: Нұрғиса Тілендиевтің мұрасы» атты музыкалық аспаптар көрмесінің салтанатты ашылуы өтті.



Рая
ЕСКЕНДІР

Көрменің өтуіне Алматы қаласының әкімдігі, Қазақстанның ЮНЕСКО жанындағы Тұрақты өкілдігі және Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры қолдау көрсетті. Іс-шараға ЮНЕСКО-ға мүше мемлекеттердің елшілері мен дипломаттары, Ұйым хатшылығының басшылығы мен қызметкерлері, Париждің қазақтың музыкасына арнайы қызығушылық танытқан тұрғындары мен қонақтары, Франциядағы отандастарымыз қатысты.

Көрмені Қазақстанның ЮНЕСКО жанындағы Тұрақты өкілі Асқар Абдрахманов ашып, Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығы – қазақ халқының музыкадағы жан-дүниесінің айнасы іспетті болса, аталмыш көрме қазақ пен түркі дүниесінің ерекше дәстүрін көрсете отырып, әйгілі сазгердің баға жетпес мұрасының жалғасын тауып келе жатқанын тілге тиек етті. Жиналған қауымға Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының жылы лебізін әкімдік өкілі Алтынай Әлімханова жеткізді. Түркі мәдениеті мен мұрасы қорының президенті Ақтоты Райымқұлова Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығы дәстүрлі қазақ музыкасының бай мұрасын заманауи формалармен шебер үйлестіріп, түркі және жаһандық мәдени мұраны ерекше байытқаны жөнінде айтты.

Айтулы көрменің басты мақсаты – халықаралық аудиторияны қазақ және басқа да түркі халықтарының музыкалық мұрасымен таныстыру, сондай-ақ дәстүрлі музыкалық аспаптар арқылы рухани байлығымызды насихаттау болды.

Париждегі көрменің мазмұнды өтуіне «Алматы қаласының музейлер

бірлестігі» мұрындық болса, Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі мен Н.Тілендиевтің мемориалды музейінің қорындағы 70-ке жуық құнды жәдігер пайдаланылды. Олардың арасында «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің негізін қалаған әйгілі сазгердің шығармашылығына шабыт берген көне музыкалық аспаптар да бар.

Сонымен, мазмұны терең көрме бес тақырыптық бөлімнен құралса, Н.Тілендиевтің өмірдегі белестерімен қатар оның қазақ музыкасының фольклорлық және академиялық дәстүрлерінің аясында өнердегі бірегей жолына ықпал еткен негізгі құбылыстар да қамтылды. Қазақ фольклорлық музыкасының шебері атанған Еркін Құдайберген мен Серік Нұрмолдаев жиналғандарды Нұрғиса Тілендиевтің әйгілі шығармаларымен таныстырды. Көрмеде жеке бөлім



ретінде түркі халықтарының музыкалық аспаптары да ұсынылып, бұл олардың ортақ тамырлары мен мәдени дәстүрін айғақ етті.

✓ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Эрнесто Оттоне РАМИРЕС,
ЮНЕСКО Бас директорының
мәдениет жөніндегі
орынбасары:**

**Барлық
мәдениеттерге тән
құбылыс**

Тілендиевтің шығармашылығы барлық мәдениеттерге тән құбылысқа – әртүрлі құрамды элементтердің тоғысуынан туындайтын бірлікке сүйенеді. Әсем әуенді жалғыз нотамен жеткізу мүмкін емес – ол үшін сан алуан дыбыстардың үйлесімі керек. Сол секілді, әртүрлі дауыстарды тыңдап, құрметтей білсек, шынайы терең мазмұны бар өміршең дүниелер туады. Ал бұл – ЮНЕСКО мұратының өзегі, яғни бейбітшілік, диалог пен мәдениеттер арасындағы ынтымақтастыққа жол ашу.

**Дінзухра ТІЛЕНДИЕВА,
композитордың қызы:**

**Қазақ жанының
шынайы айнасы**

Әкемнің есімі ерекше аталып жатқан осы жылы ЮНЕСКО-да болу мен үшін бөлек сәт. Әкемнің музыкасы – қазақ жанының шынайы айнасы. Ол ұрпақ пен дәстүрді жалғастырып, бойымызға рухани азық береді. Осы орайда ЮНЕСКО-ға ортақ жадымызды сақтап, мәдениеттер арасындағы көпірлерді нығайтып келе жатқаны үшін шын жүректен ризашылығымды білдіремін.





Алматы – Балқаш автожолы:

ЗАМАНАУИ ДЕМАЛЫС АЛАҢДАРЫ

Инфрақұрылымдық жоба 2026 жылы аяқталады

Алматылықтар мен қала қонақтары үшін жағымды жаңалық – Алматы мен Балқаш көлі арасындағы жаңа автожолдың ашылуы өңірлік туризмге тың серпін бермек.



Ернұр
РЫСБАЙ

Көлік қозғалысы үшін қайта жаңғыртылған жол бүгін-де қолданысқа беріліп, Балқашқа жетуді бұрынғыдан әлдеқайда оңай әрі ыңғайлы етті. Осыған дейін Алматыдан Балқаш көліне дейін жету тым ұзақ болса, қазір жол уақыты қысқарды.

Балқаш көліне апаратын жаңа жолдың

салынуы – туристік әлеуеті зор аймақты дамытудың маңызды қадамы. Бұған дейін жетуі қиын болған су айдыны енді қолжетімді бола түсті. Жол құрылысы екі бағытта жүзеге асқан: біріншісі – «Лепсі – Балқаш көлі» аралығы (ұзындығы 27 шақырым), бұл өткен жылы толықтай аяқталып, пайдалануға берілген. Екіншісі – «Алматы – Өскемен – Лепсі – Ақтоғай» автожолының 35–110 шақырымы. Бұл учаскеге асфальттың төменгі қабаты төселіп, қозғалыс үшін ашық.

Жетісу облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ғалымжан Дәрібаевтың мәліметінше, биыл 40 шақырым жолға асфальттың беткі қабаты төселіп, жол бойында 4 заманауи демалыс алаңы орнатылады. Онда санитарлық тораптар мен аялдамалар қарастырылған. Мердігер мекеме жол сапасына 5 жылға дейін кепілдік береді. Аталған инфрақұрылымдық жобаны 2026 жылы толық аяқтау көзделіп отыр. Қазіргі уақытта құрылысқа 65 техника мен 100-ден астам жұмысшы тартылған. Айта кетейік, жыл соңына дейін Лепсі ауылында заманауи теміржол вокзалы да бой көтереді. Бұл Балқаш көліне тек автокөлікпен емес, теміржолмен жетуге де жол ашады.

Жолмен бірге Балқаш көлі жағалауындағы инженерлік инфрақұрылым да жаңартылуда. Қазіргі уақытта көлге электр жарығы мен ауызсу тартылып жатыр. Бұл туристер мен демалушылардың жайлы демалуына негіз қалайды. «Балқаш» туристік-рекреациялық аймағының құрылысы – облыстағы ауқымды жобалардың бірі. Облыстық Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Айдос Бекетаевтың




- Керек-Дерек**
- Қазірдің өзінде Балқаш көлі жағалауында жылына 52 мың адам демалуда. Ал инфрақұрылым жобасы толық іске асқанда, бұл көрсеткіш 450 мың адамға дейін ұлғаймақ.
 - Жыл соңына дейін Лепсі ауылында заманауи теміржол вокзалы бой көтереді. Бұл Балқаш көліне тек автокөлікпен емес, теміржолмен жетуге де жол ашады.
 - Жол бойында 4 заманауи демалыс алаңы орнатылады.
 - Ұзындығы 9,3 шақырым болатын жағалау автожолы салынады.
 - Жағалаудағы демалыс орындары мен қызмет көрсету нысандарында шамамен 4,5 мың адам жұмыспен қамтылады деп күтілуде. Бұл – өңір экономикасына, әсіресе, халықты маусымдық жұмыспен қамтуға тың серпін.

айтуынша, бүгінгі таңда су құбыры салынып біткен, қазір бастағанда су тазарту жұмыстары жүріп жатыр. Осы демалыс маусымында су беру жоспарланған. Жақын уақытта электр бағандары орнатылып, қуаты 110/35/10 кВ болатын 1 қосалқы станция іске қосылған. Келесі кезеңде әрқайсысы 10/0,4 кВ болатын 28 трансформаторлық

станция орнатылады. Сонымен қатар, ұзындығы 9,3 км болатын жағалау автожолы салынбақ. Жобаны жүзеге асыру мерзімі – 2024–2026 жылдар аралығы болса да, жұмыс кестесінен алда келе жатқан мердігерлер құрылысты мерзімінен бұрын аяқтауға ниетті.

Облыстық сәулет және қалақұрылысы басқармасының басшысы Дәркен Нұржанов жағалаудың бейберекет құрылысын болдырмау үшін «Балқаш» демалыс аймағының көлемі 1682 гектар жерді қамтитын егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы дайындалғанын мәлімдеді. Жобалық сыйымдылығы – 23 мың адамға дейін, болжамды 7100 нөмір қарастырылған. Бұл жоба толық іске асқанда 7200 автотұрақ орны да пайдалануға берілімек. Сарқан ауданының әкімі Ғалымжан Маманбаев қарапайым тұрғындардың да теңіз деңгейіндегі жағажай демалысына қол жеткізуіне маңыз берілгенін айтты. Ауданда алты тегін қоғамдық жағажай салынады. Онда медициналық пункт, полиция бекеті, құтқару қызметі, ана мен бала бөлмесі болады. Бұл жағажайларды күтіп ұстау мен қауіпсіздік аудан әкімдігінің жауапкершілігінде болады. Коммуналдық мекеме құрылып, оған қажетті техника сатып алынады. Жетісу өңірінің табиғи байлығы мен тарихи ерекшеліктерін тиімді пайдалана отырып, облыс билігі мен бизнес өкілдері туризмді дамытуда бірлесіп еңбек етуде. Туризмнің дамуы тек экономикалық пайда ғана емес, сонымен қатар тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған стратегиялық бағыт болып отыр.



● «ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ»

ШЕБЕРЛІК БАЙҚАУЫ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Елімізде 2025 жыл – «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланғаны белгілі. Осы бастама аясында ел аумағында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр. Солардың бірі – Алматы қаласындағы «Архитектура, дизайн және инженерия колледжінде» өткен кәсіби шеберлік конкурсы.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Бұл байқаудың ерекшелігі – оған тек студенттер ғана емес, олардың ата-аналары немесе ағалары мен інілері де қатысты. Бұл тек қана шеберлік сайысы емес, отбасы құндылығы мен еңбекке деген құрметтің көрінісіндей әсер етті. Конкурс барысында командаларға белгілі бір тапсырмалар беріліп, олар қысқа уақыт ішінде жоба жасап, оны қорғап шықты.

Бұл үрдіс жастардың кәсіби бағыт-бағдарын дұрыс таңдауына, еңбекке деген көзқарасын қалыптастыруына ықпал етті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай іс-шаралар жастарды жұмысшы мамандықтарына қызықтырып, қоғамда қол еңбегінің беделін көтеруге бағытталған. Мұндай байқаулар жастардың кәсіби дағдыларын шыңдап қана қоймай, олардың мамандыққа деген сүйіспеншілігін арттырып, болашақта өз орнын табуына жол ашды.

Колледж директоры К.А.Жамангозовтың айтуынша, бұл конкурс – «Жұмысшы мамандықтары жылына» орай ұйымдастырылып отырған маңызды іс-шара-

лардың бірі. Мақсат – аталмыш байқау арқылы жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын арттырып, оның жастар арасындағы беделін көтеру. Студенттер конкурсқа қатысуға алып келген ата-анасын немесе бауырларын ерекше мақтанышпен таныстырып, бірігіп, бұл байқауға белсене атсалысқанын айтқан жөн. Бұл – тек отбасылық байланыстың беріктігін ғана емес, сонымен қатар, кәсіпке деген сүйіспеншілікті, еңбекке деген құрметті көрсетеді.

Қатысушылардың барлығы мамандықтарына шынайы ықыласпен қарайтыны байқалды. Әрбір жұмысқа кәсіби шеберлік пен сапа тұрғысынан әділ бағалау жүргізіліп, лайықты номинациялар тағайындалған. Мұндай іс-шаралар жастарға үлкен шабыт берері сөзсіз. Олар үшін бұл – тек жарыс қана емес, өздері таңдаған мамандыққа деген қызығушылықтарын арттыратын, болашақта деген сенімдерін нығайтатын орта.

Байқау соңында үздік командалар марапатталып, қатысушыларға Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табыс етілді.



✓ МАМАН ПІКІРІ

**Рауан РАХЫМБАЕВ,
Өндірістік оқыту шебері:**

Отбасылық ерекше құбылыс

Біз дәнекерлеу мамандығы бойынша кәсіби шеберлік конкурсын ұйымдастырдық. Бұл іс-шараның басты мақсаты – жастарға өз мамандығының маңызын тереңірек түсінуге ғана емес, сонымен қатар ата-аналары мен бауырларының да бұл үдеріске араласуына мүмкіндік беру. Қатысушылардың жанында олардың ата-аналары, ағалары, інілері бірге келіп, балаларына қолдау көрсетіп отырғаны – отбасылық ерекше құбылыс.

Бұл өз кезегінде ата-аналарға да қазіргі қоғамда техникалық және жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын түсінуге сеп болады деп ойлаймын. Осындай мамандықтардың бүгінгі таңда еңбек нарығында аса қажет, сұранысқа ие екені даусыз. Қазіргі таңда қатысушылар электрлі дәнекерлеу аппараттарымен көлденең және тік бағытта жұмыстарын атқарып жатыр. Бұл – жоғары шеберлікті, мұқияттылық пен тәжірибені талап ететін іс.



✓ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«АШЫҚ ЕСІК» КҮНІ

Алматы технология және флористика колледжінің «Ресурстық орталық» алаңында 9-сынып оқушыларына арналған «Ашық есік күні» өтті.

Бұл іс-шараны қалалық Білім басқармасының қолдауымен Алматы технология және флористика колледжі және Инклюзивті білім беру бөлімі ұйымдастырды. Іс-шараға Алматы қаласының жалпы білім беретін мектептері мен арнайы мектеп-интернаттарының оқушылары қатысты. Сонымен қатар, инклюзивті білім беру бағыты бойынша білім беретін №5, №6, №1, «Жанұя» мектеп-интернаттарының оқытушылары мен ата-аналары да бірге қатысты.

«Ашық есік күні» бағдарламасын колледж директоры А.Нұрымбетов ашып, оқу орнының жетістіктері мен болашақ студенттер үшін мүмкіндіктері туралы толық

айтып өтті. Іс-шараға қатысушыларды сондай-ақ, арнайы білім беру және инклюзивті білім беру саласындағы тәжірибе туралы Ұлттық ғылыми-практикалық орталық маманы А.Сейсенова әңгімеледі. Сонымен қатар, қатысушылар колледждің оқу аудиторияларымен, зертханаларымен және мамандандырылған кабинеттерімен танысты. Студенттердің кәсіби дағдылары мен шығармашылық көзқарастарын көрсететін жұмыстардың көрмесі ұйымдастырылды.

Колледж оқытушылары мен студенттері оқу бағдарламалары мен даярлық бағыттары туралы презентацияларын ұсынды. Көптеген қатысушылар дәріс алуға қызығушылық танытып, оқу орындарына өтініштерін қалдырып үлгерді. «Ашық есік күні» колледждің білім беру мүмкіндіктерін кеңінен насихаттау үшін маңызды оқиғаға айналды.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



● ПЕДАГОГИКА

ТАЛАП БҰЗЫЛМАУЫ ТИІС

Елімізде педагогтарды аттестаттаудан өткізудің жаңа қағидалары мен шарттары бекітілді. Бұл қағидаларда тестілеу өткізу кезінде құқық бұзушылықтарға жол берген педагогтарды тестілеуден шеттету мерзімі 5 жылдан 1 жылға дейін қысқартылды. Мәселен, былтырғы тестілеу кезінде шеттетілген педагогтар биыл тестілеуге қатыса алады.



Рая
ЕСКЕНДІР

Сондай-ақ, педагогтың білімін бағалауды өткізу талаптарын бұзу деректері қайта анықталған жағдайда педагог – 5 жылға, білім беру ұйымының басшысы – 3 жылға аттестаттаудан өтуге жіберілмейді. Тест нәтижесімен келіспеген жағдайда педагогтың тестілеуді өткізу залынан шықпай-ақ әрбір тапсырма бойынша дәлелдеме негіздемесін ұсынып, компьютерлік апелляцияға өтініш беруге құқығы бар.

Тестілеу өткізу залынан шыққаннан кейін апелляцияға педагог өтініші қабылданбайтынын да ескерген жөн. Комиссияның құрамына мемлекеттік органдардың өкілдері, білім беру ұйымдарының педагогтары кіреді. Комиссия өкілеттілігінің қолданылу мерзімі – 1 жыл. Комиссияның шешімі хаттамамен рәсімделеді. Апелляцияны қарау мерзімі – 15 жұмыс күні.

Министрліктің мәліметінше, 2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда мұғалімнің орташа айлық жалақысы 1 мөлшерлемесі үшін (16 сағат) 352 мың теңге, ал ауыл мұғалімдері үшін 435 мың теңгені құраған.

Бұл ретте Ұлттық білім беру деректер базасының мәліметінше, еліміздің педагогтарының жартысы 1,5 мөлшерлемесімен (24 сағат) жұмыс істеп, айына орташа 581 мың теңге жалақы алады.



АМАНКЕЛДІ СЕМБИН – 80

Бала кезімізде біздің бауылдай әнші ауыл жоқ шығар деп ойлайтынбыз. Жағалай ән салатын. Әсіресе, сол бір жылдары «Қарғаш» әні жиі айтылатын. Қазір де ән салатын шығар-ау, бірақ баяғыдай болмас...

ҚАРҒАШ



«Қарғашты» талай дүлдүл әншілеріміз айтқан. Бірі толқытатын, бірі еміндіретін, бірі сүйіндіретін. Біздің ауыл деп «меншіктеп» отырғаным, бала кезгі әсер еш ұмытылмайды екен. «Қарғашты» Аманкелді де айтқан. Айтқанда қандай десеңші! Кәдімгі Аманкелді Сембин ше!? Ұмыттыңыз ба, жоқ, ұмытқан жоқсыз. Жетпісінші жылдары қазақ опера өнерінде сондай бір жарық жұлдыз сәулесін айналасына мол шашып келе жатқанда жоғалтып алғанбыз.

Сол бір жылдары әнші туралы өзіміз ғана емес, әлем басылымдары құрғатпай жазып жатты. Аса талғампаз италияндар, француздар, немістер, поляктар, т.б. тамсанып, таңдай қақты. Италияның Милан қаласындағы әйгілі Ла Скала театрында тағылымдамадан өту ол заманда әркімнің маңдайына жазыла бермейтін бақыт. Сембин аты тарихта сол опера театрында оқыған тұңғыш қазақ болып қалды.

Аманкелді алғаш қазақ операсына «Қыз Жібектегі» Төлеген арқылы келді. Жібекті Б.Төлегенова орындады. Сол күндері ғой, ұлы суреткер Ғабит Мүсіреповтің «Бар екенбіз ғой» деп еміреніп, құшағына алатыны.

М.Төлебаевтың «Біржан-Сарасындағы» – Біржан, С.Мұхамеджановтың

«Жұмбақ қызындағы» – Адақ, Ш.Гуонның «Фаустындағы» – Фауст, Вердидің «Травиатасындағы» – Альфред, «Риголеттадағы» – Герцог партиялары оның орындауында қайталанбас үнімен

опера тарихының алтын қорына енді. «Айнамкөз», «Шапибай-ау», «Ақбақай», «Бурылтай», «Балқурай», т.т. атты халық әндерін ол шырқағанда көрермен көңіліне нұр құйып, сәуле шашып жататын. Сұлу жігіт. Сұлу дауыс.

Сұлу ән. Табиғаттың бір адамның бойына бере салған осынша артықшылығын айтуға сөз жете бермейді. Халық әндерінің Аманкелдінің орындауында бағы жанған кез еді ол. Әсіресе, «Қарғашты» айтсай, «Қарғашты».

Таланттың бір баламасы тағдыр болса керек. Үлкен өнердегі үлкен бәсекеден ол да тыс қалмады. Осы жолда тағдырдың маңдайға жазғанын бір кісідей көрді. Бірақ әнші тағдырының бұралаң жолға түскеніне ешкімді кінәлаған емес. Десе де, сахнада сегіз жыл ғана ғұмыр кешкен оның көргенін ешкім қасына да тілемес. Теледидар, радиодан даусы естілмеді. Тіпті, ол жөнінде дайындаған материалды газет нөмірінен алдырып тастап, қорғасынын шашып жіберген де кез болған. Автомобиль апатына да ұшырады. Қаншама жыл жұмыссыз жүрді. Сол жылдары «Не болды? Қалай сөнді отың ішкі? Қаладың қалай әнсіз отырысты? Гауһарын табиғаттың жанындағы, Теңізге тастағаның өкінішті» деп жазды Күләш Ахметова «Ән тағдыры» деген өлеңінде.

Жақсыларын қанша жыл өтсе де зердесінен өшірмей, жаманатқа қимайтын бір жақсы ырым бар біздің қазақта. Алайда, Аманкелді сол жақсылардың да жақсылығын көрді. Оның дара даусы, теңдессіз тенор екенін айтып, бағасын білген, қадіріне жеткендердің арқасында Аманкелді аты бүгінгі күнге де күркіреп жетті. Кімдер еді олар?

Шерхан МҰРТАЗА:

Асыл талант,
теңіз түбіндегі
інжу-маржан

Дүниеге Сембин сыймай кеткен жоқ, қотыраштар сыйдырмады ғой. Күншіл қотыраштар таспаға жазылған даусына дейін қалдырмауға тырысқан.

Сембиндей асыл талант теңіз түбіндегі інжу-маржандай ғасырларда ғана бір-ақ кездесетін сирек қазына.

Жүз жылда бір-ақ туатыны өкінішті. ...Кезінде сондай бір жұлдыз жарқырап туған, біз сол жұлдызды жабылып жүріп өшіргенбіз.

Илья ЖАҚАНОВ:

Басқалармен
салыстыруға келмейтін
құбылыс

Аманкелді Сембин, ол – Тәңірдің сыйы. Әншілік болмысы басқалармен салыстыруға келмейтін құбылыс. Жарқырап шығып, жарқырап кетті. Италиядан келген соң маған келіп сәлем берді. Мен онда Қазақ радиосында Музыкалық хабарлар бас редакциясының бас редакторы, көркемдік кеңестің төрағасымын.

Оркестрге ән жазатын болдық. А.Гурянов радионың симфониялық оркестрінің, М.Серкебаев камералық оркестрдің дирижері. Екеуі тыңдады. Таңқалғаннан айтарға сөздері жоқ, бастарын шайқай береді. Опера театрында Яковенко деген ғажап тенор бар еді. «Мынадай романтикалық шалқуды бұрын-соңды көрмеппін. Ұлы ғой мынау» деп қатты таңырқады. Расында, әнді аса құштар сезіммен айтатын



италияндықтардың деңгейіне емін-еркін жеткен біздің Аманкелді еді.

Өкінішке орай, содан қайтып тағдыр бізді Аманкелдімен қайта қауыштырмады... Жарқ етті де жоқ болды. Тағдыры жұмбақ күйінде асқақ үнін аспанға алып кетті...

Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА:

Өте талантты,
дарынды әнші еді

Аманкелді Сембинді мен Мәскеу консерваториясында оқып жүрген кезінен білемін. Өте талантты, дарынды әнші еді. Ол Ла Скала тәжірибесінен өткен бірінші және соңғы қазақ әншісі. Филармониядан театрға қайта келген кезім еді. Ол «Қыз Жібекте» Төлегеннің, мен Жібектің партиясын орындадым. Екеуміз осы рольде едәуір уақыт ойнадық. Сахнада өте сүйкімді, тартымды, дауысы жұртта жоқ дауыс еді. Өзі де керемет, жігіттің сұлуы еді ғой. Кейін Байғали Досымжановтың тұсында қайсыбір жағдайларға байланысты театрдан кетіп қалды.

– ...Өте жақсы келе жатыр еді.Сөз жоқ, бірегей талант болатын. Марқұм Дінмұхамед Қонаев Аманкелдінің талантын өте жоғары бағалады. Кейін Димаш Ахметұлының «мен сол баланың келешегінен қатты үміт күтуші едім, неге солай болып кетті екен», деп қатты қынжылғаны бар. Осы сөзін бір емес, бірнеше рет айтты.



– Біраз уақыт өзімен-өзі құсаланып жүргенін білемін. Сондай бір күнде кездескенде «Мәскеуде шыққан кітаптардың ішінде сенің суреттерің жүр, сен өзінді неге аямайсың?» деп жылағандай боп айтқанмын. «Жо-жоқ апа, қапа болмаңыз, мен түбі ораламын» деуші еді. Адам баласы пешенесіне жазылғанынан аттап кете алмайды ғой. Бұл да бір тағдыр шығар...

Таланттың аты – талант. Аманкелді Сембин өмірінің соңғы жылдарында Т.Жүргенов атындағы театр және кино институтының (қазіргі Т.Жүргенов атындағы Ұлттық көркемөнер академиясы) Ән кафедрасында оқытушы болып, өзін педагог ретінде танытты. «Ән әліппесі», «Италиянша-қазақша ән сөздігі» атты құнды оқулықтар жазды. Бүгінде ол тәрбиелеген шәкірттер халықаралық байқаулардың көш басынан көрініп жүр, өз саласының майталман мамандары.

Өкінішке орай, ұлы әншінің мерейтойлары ешқашан аталып өткен емес. Бүгінде тірі болса, сексен жасқа келер еді. Бір ұсынысымыз: «ештен кеш жақсы» деген ғой, бар саналы ғұмыры Алматыда өткен әншінің атын қайта жаңғырту мақсатында билік тарапынан тиісті шаралар қолға алынса, нұр үстіне нұр болар еді. Әрине, әр әншінің өз қайталанбас үні бар. Алайда, «Қарғашты» Аманкелдідей орындайтын әнші кемде-кем деген пікір әлі күнге өмір сүріп келеді.

ҚАРАЖАТ

ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВТЕР:

елімізде 400–ден астам әлеуметтік нысан салынуда

(Басы 1-бетте)

Жаңа құрылыс нысандары бой көтереді

Өңірлерде қайтарылған активтер қаражаты есебінен білім беру мекемелері, спорт кешендері, денсаулық сақтау және сумен жабдықтау нысандарының құрылысы белсенді түрде жалғасуда.

Астанада ескі стадионның орнына Қ.Мұңайтпасов атындағы жаңа стадион салынуда. Жабық спорт ғимараты мүгедектігі бар азаматтарға арналған орындарды қосқанда, 3598 орынға есептелген. Құрылыс UEFA халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілуде.

Алматыда қайтарылған қаражат есебінен сумен жабдықтау жүйесін салу бойынша 9 жоба жүзеге асырылуда.

Шымкент қаласындағы «Сайрам көмекші мектеп-интернат-колледжі» кешенінің тәрбиеленушілері үшін қайтарылған қаражатқа 300 орынды жатақхана салынады.

Шығыс Қазақстан облысында қайтарылған активтерге ауқымды жоба жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Арнаулы мемлекеттік қордан Гематология орталығының құрылысын аяқтауға қаражат бөлінді. Медициналық мекемеде 2 ғимарат: 148 орынды стационар және 24 төсек-орынды клиниканың пациенттеріне арналған қонақүй жоспарланған. Бас ғимаратта заманауи медициналық жабдықтармен зертханалар, радиациялық диагностика, кардиология, кардиохирургия, гематология, сүйек кемігін трансплантациялау және күрделі соматика бөлімшелері жабдықталады. Жаңа Орталық науқастарға емдеудің және оңалтудың озық әдістеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қайтарылған активтер есебінен өңірде тағы 8 жоба іске асырылуда, оның 2-еуі – денсаулық сақтау және 6-ауы – сумен жабдықтау саласында.

Солтүстік Қазақстан облысында



бүгінде өңірді сумен жабдықтауды жақсартуға бағытталған жобалар жүзеге асырылуда. Арнаулы мемлекет қор қаражаты есебінен Соколов, Булаев және Пресновский топтық су құбырларын қайта жаңарту, сондай-ақ Көкшетау топтық су құбырына қосылған Айыртау ауданы мен Шал ақын ауылдық елдімекендеріне жаңа су құбырлары мен бұрмалар салу жүріп жатыр.

Қарағанды облысында 7 ауданда 51 денсаулық сақтау объектісін – дәрігерлік амбулаторияларды, сондай-ақ фельдшерлік-акушерлік және медициналық пункттерді салу жоспарлануда.

Ақмола облысында денсаулық сақтау, сумен жабдықтау және спорт саласында 38 жоба жүзеге асырылуда. Қайтарылған активтер есебінен екі медициналық нысан ашылды. Аршалы ауданының Арнасай ауылында 2 мыңнан астам адамға қызмет көрсететін дәрігерлік амбулатория пайдалануға берілді, ал Бұланды ауданының Алтынды ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт салынды. 1 мыңнан астам азаматы бар үш елдімекен тұрғындары уақытылы медициналық көмекке сене алады.

Ақтөбе облысында қайтарылған активтер есебінен жаңа білім беру және денсаулық сақтау объектілері салынады. Өңірде 12 әлеуметтік маңызы бар жоба жүзеге асырылуда. Солардың бірі – Ақтөбе қаласындағы ерекше балаларға арналған арнайы балабақша.

Абай облысына Қордан 24 әлеуметтік маңызы бар нысанды жүзеге асыруға қаржы бөлінді. Өңірде жаңа сумен жабдықтау желілері, сондай-ақ медициналық мекемелер салынады.

Атырау облысында денсаулық сақтау, білім беру және сумен жабдықтау салаларында бір нысаннан салынады.

Жетісу облысында білім беру, денсаулық сақтау және сумен жабдықтау салаларында 22 жобаны жүзеге асыру жоспарланған.

Алматы облысында жаңа спорт нысандары, сумен жабдықтау желілері мен медициналық мекемелер салынады. Үкіметтің шешімімен бөлінген қаражат Кеген ауданы Жалағаш ауылында спорт кешенін салуға бағытталды.

Жамбыл облысында қайтарылған қаражатқа 19 жоба салынады. 4 жоба денсаулық сақтау жүйесі желісі бойынша,

тағы 15 жоба сумен жабдықтау желілерін салу бойынша.

Батыс Қазақстан облысында жыл соңына дейін 25 жобаны тапсыру жоспарлануда. Бұл медициналық және фельдшерлік-акушерлік пункттер, дәрігерлік амбулаториялар, сондай-ақ су құбырларын салу бойынша жобалар.

Маңғыстау облысында қайтарылған активтерге 1 денсаулық сақтау нысаны салынады.

Қостанай облысында сумен жабдықтау желілері түбегейлі жаңартылады. Сондай-ақ, өңірде бір денсаулық сақтау және білім беру нысандарын салу жоспарлануда.

Түркістан облысында қайтарылған активтерге бір білім беру объектісін салу, сондай-ақ өңір тұрғындарын сумен қамтамасыз ету бойынша 35 жобаны іске асыру жоспарланған.

Павлодар және Қызылорда облыстарында сумен жабдықтау желілері мен медициналық мекемелердің құрылысы бойынша жобаларды іске асыру жоспарлануда.

Ұлытау облысында жаңа білім беру, денсаулық сақтау және сумен жабдықтау нысандары салынады.

Заңсыз иемденілген активтерді қайтару жөніндегі саясатты жүзеге асыру ел басшылығының экономикалық әділеттілікті нығайтуға дәйекті әрі жүйелі көзқарасын растайды, ал Заңның қабылдануы және қажетті құрылымдық бөлімшелердің құрылуы осы жұмыс үшін құқықтық және ұйымдастырушылық тетіктерді қамтамасыз етеді. Қайтарылған қаражатты мақсатты пайдалануға да ерекше назар аударылады. Дәрігерлік амбулатория мен фельдшерлік-акушерлік пункт ашылған Ақмола облысындағы жобалардың үлгісі бойынша жекелеген объектілерді пайдалануға беруді бастау фактісі – азаматтардың тұрмыс жағдайларының жақсарғанын көрсететін жоспарлардан нақты нәтижелерге көшудің көрнекі мысалы.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөз: @KZgovernment).

ЭНЕРГЕТИКА

ASSYSTEM КОМПАНИЯСЫ

ҚАЭС техникалық кеңесшісі қызметін атқаратын болады

Ядролық инжиниринг саласындағы жетекші Әлемдік тәуелсіз компаниялардың бірі Assystem Қазақстан Республикасының атом-энергетикалық бағдарламасын іске асыруда қолдау көрсету мақсатында «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС (ҚАЭС) техникалық кеңесшісі рөліне ие болды.

Assystem АЭС жобасын іске асыру үшін инжиниринг, жобаны басқару және құрылыс жұмыстарын кешенді ұсынуда және қадағалауда ҚАЭС техникалық кеңесшісі қызметін атқаратын болады. Компания атом энергетикасын дамыта бастаған көптеген елдермен, соның ішінде Біріккен Араб Әмірліктері, Сауд Арабиясы және Түркиядағы жақында жүзеге асқан жобаларды қамтитынын ескерсек, Assystem халықаралық атом энергетикасы саласында теңдесі жоқ тәжірибе алып келеді. Сонымен қатар, Assystem Франция мен Ұлыбританияның ұлттық атом бағдарламаларын үйлестіруде жетекші орын алады.

Қазақстанда атом энергетикасын дамыту «Қазақстан–2050» Стратегиясының бір бөлігі болып табылады. Оның мақсаты – электр энергиясының қазіргі уақытта шамамен, 70%-ын құрайтын көмір мен мұнайға тәуелділікті азайтып, баламалы көздерден электр энергиясын өндіру үлесін 50%-ға дейін жеткізу. 2025 жылдың басынан бастап Assystem озық халықаралық тәжірибе негізінде үлес қосып, АЭХА ұсынымдарына (NP-T-1.10) сәйкес технологияларды таңдау үшін ҚАЭС әдіснамасын жетілдіруді қолдайды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Стефан ОБАРБЬЕ,
Assystem Group
Бас директорының
орынбасары:

ҚАУІПСІЗ ӘРІ ТИІМДІ

жүзеге асырылуына ерекше назар аударылады

Біз Қазақстанмен оның жаңа атом энергетикалық бағдарламасы аясында ынтымақтастық орнатқанымызға қуаныштымыз. Assystem командасы осындай маңызды бағдарламаға қатысуға қуанышты және оның АЭХА және ҚАЭС талаптарына сәйкес келетін қауіпсіз әрі тиімді жүзеге асырылуына ерекше назар аударады.



БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ:

Assystem – атом энергетикасы саласындағы әлемдегі жетекші тәуелсіз инжинирингтік компаниялардың бірі, тұрақты энергетикаға көшуді жеделдетуге ұмтылады. Қауіпсіздік пен қорғанысқа қатаң талаптары бар жоғары реттелетін салаларда 55 жылдан астам тәжірибесі бар, күрделі инфрақұрылымдарды өмірлік циклының барлық кезеңдерінде пайдалану тиімділігін арттыру үшін инжиниринг, жобаларды басқару және цифрлық шешімдер ұсынумен айналысады. Assystem компаниясының 12 елдегі 8000 сарапшысы энергетикалық ауысымды іске асыруға атсалысуда. Қолжетімді әрі төмен көміртекті энергиямен қамтамасыз ету мақсатында компания төмен көміртекті генерацияны (атомдық және жаңартылатын энергетика, электр желілері) және таза сутекті дамыту бағыттарын белсенді ілгерілетіп жатыр. Сонымен қатар, топ төмен көміртекті электр энергиясын өнеркәсіптік салаларға енгізуге ықпал етуде. Бүгінде Assystem ядролық энергетика саласындағы әлемдегі үш ірі инжинирингтік компанияның қатарына кіреді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Арыстанғани ЗАППАРОВ:

БІЗ ҮШІН ТӘРТІП –
БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Алматыдай алып шаһар үшін тыныштықты күзетіп, заң үстемдігін сақтау қағидасы ерекше мәнге ие. Бұл қызметте жүрген тәртіп сақшыларының жұмысы көзге көріне бермейді. Бірақ әлеуметтік желіде жаңбыр астында көлік қозғалысын реттеп тұрған полицей, қарияға көмектескен, көшеде баланы көтеріп өткізген, т.б. жылы видеолар жиі жарияланып жүр. Осындай сәттер бұл қызметтің шынайы келбетін, Қазақстан полициясының адами бейнесін көрсетеді. Полиция күні қарсаңында Алматы қаласы Полиция департаментінің басшысы Арыстанғани Заппаровпен жүздесіп, полиция жұмысының бағытын жан-жақты сөз еттік.

«Мемлекет – адам үшін»

– Арыстанғани Расылханұлы, өзіңізбен осыдан екі жыл бұрын да сұхбаттасқан едік. Ол кезде құқық қорғау органдарының алдында тұрған басты міндет – қаладағы қылмыс деңгейін төмендетіп, қоғамдық тәртіпті сақтау екенін айтқансыз. Қазір де бұл қағидадан айнымады деп білеміз. Сол сәтте айтылған бастамалар мен қолға алынған реформалар бүгінде қандай нәтижеге жетті?

– Иә, бұл қағидадан біз әлі де айныған жоқпыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен құқық қорғау органдары жұмысының басты қағидаты ретінде «Заң және тәртіп» ұстанымы белгіленді. Бұл қағида тек құқықбұзушылыққа жауап қатумен шектелмейді, ол ең алдымен – қылмыстың алдын алуға, яғни профилактикаға басымдық беру деген сөз. Осы ұстанымды жүзеге асыру мақсатында 2025 жыл Ішкі істер министрлігі тарапынан Профилактика жылы деп жарияланды.

Министр Ержан Сәденовтің тапсырмасымен полиция жұмысының сервистік моделін жүзеге асыру, қоғаммен ашық диалог орнату, қауіптің алдын алу, азаматтардың құқықтық сауатын арттыру – басты бағыт болып отыр. Бұл – «Мемлекет – адам үшін» қағидасының полиция жұмысына бейімделген нақты көрінісі. «Жамандықтың алдын алсаң, жақсылықтың іргесін бекітесің» деген халық даналығы бар. Бүгінгі таңда профилактикалық жұмыс – қауіпсіз қоғам құрудың берік іргетасына айналды. Кейінгі екі жылда Алматы қаласында ауыр және аса ауыр қылмыстар 2,9 есеге азайды, көшедегі құқық бұзушылықтар 20%-ға төмендеді. Бұл – тек қана полицияның емес, бүкіл қоғамның ортақ жетістігі. «Қауіптің алдын алған – ақылды, қауіп болғанда қорықпаған – батыр» дейді халқымыз. Біз ақыл мен батырлықты қатар ұстанамыз.

Салдармен емес,
себеппен де
күресу маңызды

– «Полицияның жұмысы құқықбұзушылық орын алған соң басталады» деген пікір бар. Десек те, кейінгі жылдары қылмыстың алдын алу іс-шаралары күшейіп келеді. Осы бағытта қандай нақты бағдарламалар жүзеге асып жатыр?

– Қазіргі полиция қызметінің басты

бағыты – қылмыстың жолын кесу, яғни алдын алу. Осы мақсатта бірнеше жүйелі бағдарлама іске асырылып келеді. Мәселен, «Учаске» жобасы аясында әрбір учаскелік инспектор өзіне бекітілген аумақтағы тұрғындарды, отбасыларды жақсы білуі тиіс. Бұл – тұрмыстық қылмыс, жанжал және басқа да қауіптердің алдын алуға өте маңызды. Сонымен қатар, балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған «Қауіпсіз мектеп» және «Қауіпсіз аула» жобалары тұрақты түрде жүзеге асырылып жатыр. Бұл жобалар аясында мектеп инспекторларының жұмысы күшейтіліп, білім беру мекемелеріндегі қауіпсіздік деңгейі арттырылуда. Бұдан бөлек, жедел-профилактикалық іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Мысалы, «Құқық тәртібі», «Отбасы», «Қауіпсіз жол», «Келімсек», «Қару» секілді акциялар қоғамдық тәртіпті нығайтуға, әкімшілік құқықбұзушылықтың алдын алуға, миграциялық бақылауды күшейтуге бағытталған. Бүгінгі полиция тек салдармен емес, себеппен де күресуді басты ұстаным етіп отыр. Осы арқылы азаматтардың қауіпсіздігіне бағытталған жұмыстың ауқымы кеңейіп келеді.

– Алматы қаласында 2024 жылы тіркелген қылмыстардың ең көбі – алаяқтық. Қалалық полиция бұл бағытта тұрғындарды алаяқтардан қорғау және ақпараттандыру үшін қандай нақты іс-шаралар жүргізді?

– Иә, елімізде тіркелетін қылмыстардың басым бөлігі – алаяқтық. Оның ішінде интернет және телефон арқылы жасалатын қылмыстардың үлесі айтарлықтай артып отыр. Бұл – қоғам үшін ең өзекті және алаңдатарлық мәселелердің бірі. Алаяқтар азаматтардың сеніміне кіріп, «әлеуметтік көмек көрсетеміз», «несиені жоямыз», «жылдам жұмысқа орналастырамыз» деген желеумен түрлі қитұрқы схемаларды қолданып бағады.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары күшейтілді. Телеарналарда, радиода және әлеуметтік желілерде алаяқтықтың алдын алу мақсатында профилактикалық бейнероликтер мен хабарламалар тұрақты түрде көрсетіледі. Сондай-ақ, банктермен, мобильді операторлармен және Қаржы мониторингі агенттігімен бірлескен жұмыс жолға қойылған. Бұл – күдікті әрекеттерді ерте анықтап, азаматтарды қорғауға мүмкіндік береді.

«Сақтықта қорлық жоқ». Әр азамат өзінің дербес деректерін бөгде



адамдарға бермеуі керек. Бұл – ең қарапайым, бірақ ең маңызды қорғаныс тәсілі.

«Жол тәртібі –
өмір тәртібі» қағидаты

– Алматы – көлік қозғалысы тығыз қала. Шаһарда жол-көлік оқиғалары жиі тіркеліп жатады. Осы мәселені шешуде қандай шаралар қолға алынған?

– Жыл басынан бері қалада 2968 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, өкінішке қарай, 35 адам қаза тапты. Тағы 3400-ден астам азамат түрлі дәрежедегі жарақат алды. Бұл – жол қауіпсіздігі мәселесінің әлі де өзекті екенін айқын көрсететін дерек. Сондықтан жол апаттарының алдын алу мақсатында қалада бірқатар жедел-профилактикалық іс-шаралар тұрақты өткізіліп келеді. Атап айтқанда, «Қауіпсіз жол», «Жолда қабылдау», «Автобус» сияқты акциялар жүргізушілердің тәртібін арттырып, тұрғындармен ашық диалог орнатуға бағытталған. Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін де кешенді шаралар қолға алынған. Халық көп жүретін жерлерде жарықтандыру жақсартылып, жол белгілері жаңартылып жатыр. Ақылды бағдарламалар орнату жұмыстары жалғасуда. «Жол тәртібі – өмір тәртібі» қағидасы әрбір жүргізуші мен жаяу жүргіншінің ойында болуы керек деп санаймын.

– Полиция қызметкерлерінің арасында да құқықбұзушылыққа жол беретін жағдайлар кездеседі. Полиция беделін түсіретін мәселемен күресу үшін қандай ішкі бақылау жүйесі бар?

– Біз үшін тәртіп – басты құндылық. Полиция қызметкері – ең алдымен заң сақшысы. Ал егер сол полицейдің өзі заң бұзса, бүкіл жүйеге деген сенімге нұқсан келтіреді. Әрине, екі есе ауыр. Осыған байланысты біздің құрылымда Өзіндік қауіпсіздік басқармасы күшейтілген режимде жұмыс істейді. Ішкі тәртіпті бақылап, қызметкер тарапынан болған кез келген теріс әрекетке жедел шара қолданады. Сондай-ақ, азаматтардың арыз-шағымдарына уақытында жауап беру үшін ішкі мониторинг жүйесі жолға қойылған. Әр қызметкер – ішкі істер жүйесінің айнасы. Сол себепті, ішкі тәртіп, жауапкершілік пен кәсібилікке ерекше назар аударамыз.

«Еліне қызмет еткен ердің
жүзі жарық»

– Қалада шұғыл жағдайларға жедел әрекет ету жүйесі қалай жұмыс істейді?

– Алматы қаласында жедел әрекет

● САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

*Алматыда 1000 патрульдік, 500-ге жуық учаскелік инспектор қызмет етеді.

* Алматы қаласында ауыр және аса ауыр қылмыстар 2,9 есеге азайды.

* «102» жедел желісіне келіп түсетін қоңыраулардың 90 пайызына жауап уақыты 2 минуттан аспайды.

ету жүйесі айтарлықтай жетілдірілген. «102» байланыс желісі – полиция мен тұрғындар арасындағы ең шұғыл әрі маңызды арналардың бірі. Қазір желіге келіп түсетін қоңыраулардың 90 пайызына жауап уақыты 2 минуттан аспайды. Бұл – алып мегаполистің қауіпсіздік жүйесі үшін өте жоғары көрсеткіш деп санаймын. Жедел басқару орталығы тәулік бойы үздіксіз жұмыс істейді. Орталық қала бойынша орнатылған мыңдаған бейнебақылау камерасымен тікелей байланыста, полиция жұмысының жүрегі іспеттес, қоғамдық орта тыныштығын тәулік бойы бақылауда ұстап отыр.

– Алдағы нақты жобалар, реформалар немесе өзгерістер туралы айтып өтсеңіз...

– Қазіргі уақытта Алматыда полиция қызметін реформалау аясында сервистік модель толық енгізілуде. Полиция тек бақылаушы емес, қоғаммен серіктестік орнататын, тұрғындарға ашық әрі қолжетімді қызмет көрсететін құрылымға айналды деген сөз. Әрбір аудандық полиция басқармасында сервистік орталықтар жұмыс істейді. Мұнда тұрғындар кез келген мәселе бойынша жүгініп, кеңес алып, өтініш білдіре алады.

Қоғам тәртіп сақшысын тек шенді қызметкер ретінде емес, көмекке бірінші болып келетін сенімді тұлға ретінде көруі тиіс. Қазақта «Еліне қызмет еткен ердің жүзі жарық» деген сөз бар. Халыққа адал қызмет ету – әр полиция қызметкерінің кәсіби міндеті және азаматтық борышы. Орайын пайдаланып, осы тұста барша әріптестерімді – полиция қызметкерлерін кәсіби мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Олардың ел тыныштығын қорғау жолындағы еңбектері әрдайым құрметке лайық.

– Тұшымды жауаптарыңызға рахмет! Сізді де, ұжым қызметкерлерін де алда келе жатқан Қазақстан полициясы күнімен құттықтаймыз! Отбасыларыңыз аман, абыройларыңыз асқақ болсын! Қоғамдық тәртіпті сақтау жолында атқарып жатқан істеріңізге сәттілік тілейміз!

Сұхбаттасқан
Гүлжанат СЕМБАЕВА



ҚАУІП ҚАЙДАН?

АШЫҚ ТЕРЕЗЕ:

Балаларды қараусыз қалдырмаңыз!

Кешкілік мезгіл. Ауладағы балалар ойнап жүр, ал төртінші қабаттағы бір пәтерде үш жасар бала терезе алдына шығып, сыртқа көз тігіп тұрған. Бір сәттік ғана бейқамдық – соңы қайғыға айналды. Москит торына сүйеніп қалған бүлдіршін құлап түсті. Амал не, дәрігерлер оның өмірін сақтап қала алмады... Бұл оқиға осыдан екі-үш жыл бұрын «Құлагер» ықшамауданындағы 5-қабатты үйлердің бірінде болған. Сол оқиғадан кейін баласынан айырылған отбасы ол үйден көшіп кетті...

Ал жақында ғана Алатау ауданында үш жасар бала көпқабатты үйдің терезесінен құлап, ауыр жарақат алды. Оқиға 10 мамыр күні кешкі сағат 21.55 шамасында, «Өжет» шағынауданындағы Жапсарбаев көшесінде тіркелген. Ата-анасының қарауынсыз қалған 2021 жылы туған бүлдіршін үшінші қабаттағы пәтердің терезесінен құлаған. Оқыс сәтте анасы курьерден сәлемдеме алып жатқан, ал әкесі жұмыста болған екен. Бала жабық бас-ми жарақаты мен іштің соққы жарақатымен №2 қалалық балалар ауруханасына жеткізілген.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бір сәттік бейқамдық өкініші...

Күн жылынса болды, барлығымыздың терезе ашып қоятынымыз бар. Дәл осы сәтті күтіп жүргендей балалар да терезе алдына жиі ұмтылады. Міне, сол себепті бүлдіршіндердің көпқабатты үй терезесінен құлау оқиғалары жиілейді. Сөйтіп, бір сәттік бейқамдық – бүтін бір отбасының тағдырын өзгертіп жатады.

Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметінше, жыл басынан бері елімізде 60 бала терезеден құлап, олардың бесеуі қайтыс болған. Қалғаны түрлі жарақатпен ауруханаға түскен. 2023 жылы осындай 170 оқиға тіркелсе, 2024 жылы бұл көрсеткіш 196-ға жеткен. Яғни жағдай жақсарып жатқан жоқ.

Балалардың терезеден құлауына ең алдымен қауіпсіздік ережелерінің сақталмауы себеп. Төтеншеліктердің айтуларынша, көбіне балалар москит торына сүйеніп, терезеден құлап кетеді. Кейбір ата-аналар торды қауіпсіздік құралы деп есептеуі мүмкін, бірақ ол баланың салмағын көтере алмайды.

Көп ата-ана москит торына сенеді. Бірақ ол шыбын-шіркейді ғана тоқтата алады, бала салмағын көтеруге қауқарсыз. Ата-ана бір сәттік бейқамдығымен торға сүйенген бала тағдырын шешуі мүмкін. Жиһаздардың терезе маңында тұруы, ашық қалған терезе, терезе тұтқасына орнатылмаған құлып – мұның бәрі балалар үшін өте қауіпті.

Кінәлі кім, қоғам ба, құрылысшы ма, ата-ана ма?

Дамыған елдерде бұл мәселе әлдеқашан заң жүзінде шешілген. Мәселен, Германия мен Австралияда балалар қауіпсіздігіне арналған терезе құрылғыларын орнату – міндетті. Тіпті, кей елдерде «Childproof» деген арнайы стандарттар бар. Ал бізде ше?

ҚР Құрылысшылар одағының өкілдері қазіргі жобаларда мұндай талаптар әлі қарастырылмағанын, бірақ бес қабаттан жоғары нысандар үшін қауіпсіздік құрылғыларын міндеттеу туралы ұсыныс енгізіп жатқанын айтады.

Дегенмен, ұсыныс жеткіліксіз. Заңмен бекітілмесе, құрылыс компаниялары бұл мәселеге көңіл бөле бермейді. Ал кешірілмес олқылықтың орнын кім толтырады? Ата-аналар баласын әрқашан бақылауда ұстағысы келеді. Бірақ бұл физикалық тұрғыда мүмкін емес. Сондықтан да алдын алу шаралары – шешімнің басты жолы болуы тиіс.

Бала терезеден құлап кеткенде тек бала емес, бүкіл отбасы өмірі бойы қайғы шегеді. Кейбір балалар тірі қалғанымен, өмірінің соңына дейін сал болып қалады, енді бірі ауыр операциялардан кейін де бұрынғыдай жүріп-тұра алмауы мүмкін.

Ендеше, терезеден құлаған бір ғана баланың тағдыры – барлық ата-анаға сабақ болуы тиіс. Бұл – бір отбасының қайғысы емес. Бұл – қоғам болып бірлесе шешетін мәселе. Егер бүгін қауіпсіздік ережесін сақтасақ, ертең бір тағдырды сақтап қалуымыз мүмкін. Терезе – жарықтың көзі. Бірақ ол бейқамдықпен қарасаң, қайғының да қақпасына айналуы мүмкін.



ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

◆ Москит торына сенбеңіз – бұл қауіпсіздік құралы емес.

◆ Терезеге блокиратор орнатыңыз.

◆ Терезе маңына жиһаз қоймаңыз.

◆ Балаңыздың терезе жанында ойнауына жол бермеңіз.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

СУҒА ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ:

қауіпсіздік талаптарын сақтаңыздар!

Жаздың нағыз ыстық кезеңі басталды. Бұл кезде бала түгілі, ересек адамдардың өздері ыстықтан пана іздеп кетеді. Әсіресе, көлдің басы, судың қасы халықтың ең көп жиналатын жеріне айналады. Жалпы, жыл сайын шомылу маусымы 1 маусымнан басталады. Алматы қаласында және тау бөктеріндегі аудандарда 44 су айдыны болса, олардың қатарында бірнеше өзендер, көлдер, каналдар, тоғандар бар. Әсіресе, олардың 9-ы шомылу маусымы кезінде ерекше қауіпті екені жиі айтылып жүр.

Рая
ЕСКЕНДІР

Жалпы, жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігін арттыру мақсатында Білім басқармасы қала мектептері арасында «Қауіпсіз су» атты қауіпсіздік акциясын өткізуі үрдіске айналған. Жазғы демалыс басталмай тұрып, мектер оқушылары арасында әссе, сурет, қабырға газеттерінің конкурстары, «Қауіпсіз су» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Қазір бұл жұмыс жалғасын тауып, судағы жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында ТЖ Департаменті құрамында полиция қызметкерлері, РЖҚЖ құтқарушылары, сондай-ақ еріктілері бар рейдтік іс-шараларды тұрақты өткізіп жатыр.

Сонымен қатар, ТЖ департаменті БАҚ арқылы үгіт-насихат жұмыстарын жан-жақты жүргізуде. Бұған қоса, барлық білім беру, денсаулық сақтау объектілерінде, адамдар көп жиналатын орындарда (СОО, СУ, ХҚКО, вокзалдар, метрополитен, кинотеатрлар), сондай-ақ Алматы қаласының жолдары бойында орналасқан смартбордтар мен LED-экрандарда бейнероликтер көрсетіп, ата-аналар назарын аударып отыр. Баланың қауіпсіздігі үшін қолға алынып жатқан тағы бір іс-шара – шомылу маусымы аяқталғанға дейін күніне екі рет мемлекеттік және орыс тілдерінде күн сайын «Судағы қауіпсіздік ережелері» тақырыбында бейнеролик көрсетілуі.

Қазір қала тұрғындарының жиі серуендейтін орны – «Сайран» көліне іргелес аумақта абаттандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ, Д.Қонаев



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

атындағы Үлкен Алматы каналын гидротехникалық күрделі жөндеуге байланысты су толтырылмады. Шілденің шіліңгір ыстығынан пана іздеген ересектер ең алдымен балаға бас-көз болып, судың тілсіз жау екенін естен шығармауы керек.

Жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін ата-аналар мен ересектер төмендегі қарапайым ережелерді сақтауы қажет:

► Балаларды судың жанында қараусыз қалдырмау.

► Тек жабдықталған жағажайларда және ресми рұқсаты мен құтқару қызметі бар шомылуға арналған басқа жерлерде шомылу.

► Жүзе алмайтын болсаңыз, белден жоғары келетін суға түспеу.

► Шомылу кезінде бір-бірін көзден таса қылмау.

► Қалқымалар мен қоршау белгілерінен, жағадан алыс жүзбеу.

► Қайықтардан, көпірлерден және айлақтардан суға секірмеу.

► Түнде шомылуға болмайды.

Алматы ТЖД қала тұрғындары мен қонақтарына су айдындарында қауіпсіздік ережелерін сақтауға, сондай-ақ тыйым салынған жерлерде шомылмауға кеңес береді.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 ЖЫЛҒА «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«**Almaty aqshamy**» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «**Almaty aqshamy**» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «**Almaty aqshamy**» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АБАЙЛАҢЫЗ, АЙЫППҰЛ!

Жетісу ауданында көпқабатты үйлердің саны өте көп. Сондықтан тұрғындар үшін оның аумағы мен ауласы ортақ болып саналады. Дегенмен, көп жағдайда көршілер құқығы бұзылып, түсінбеушіліктер орын алып жатады. Неге? Әсіресе, қоқыс қалдығын аулаға, ал көлікті орынсыз жерге қалдырып кетудің соңы дау-дамайға ұласатыны жасырын емес.

Осыған орай, Жетісу ауданы коммуналдық-шаруашылық бөлімінің қызметкерлері аудан тұрғындарымен жүздесіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізген еді. Тұрғындар әкімшіліктің талабы мен өздерінің міндеті туралы кеңінен мәлімет алды. Тұрғындарға қандай жағдайда айыппұл салынады?

● **Кіреберіске қоқыс қалдығын қалдыру.** Қалдық пакеттерін баспалдақ алаңына қоюға болмайды! Бұл жалпы пайдалану орындарының тастануы болып саналады. Мұндай жағдайда тұрғындар (ӘҚБтК-нің 434-2-бабы) айыппұл төлейді. Айыппұл мөлшері: – 5 АЕК (36 920 теңге), қайталанған жағдайда – 10 АЕК (73 840 теңге).

● **Өрт қауіпсіздігі сақталмаса.** Тұрғындар тарапынан велосипед, арба, шаналарды және басқа да жеке заттарды рұқсат етілмеген алаңқайларға қою, сақтау мәселесі жиі кездеседі. Алайда, бұл өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу болып саналады. Айыппұл: 5 АЕК (36 920 теңге), қайталанған жағдайда 10 АЕК (36 920 теңге).

● **Кіреберісте темекі шегуге болмайды!** Баспалдақ алаңдары, кіреберістер мен балкондар – шылым шегетін орын емес! Дегенмен, кей тұрғындар темекі шегіп, оның тұқылын балконнан сыртқа тастай салады. Бұл ӘҚБтК-нің 441-бабы бойынша құқықбұзушылық болып саналады. Айыппұл көлемі: 15 АЕК (55 380 теңге), қайталанған жағдайда – 20 АЕК (73 840 теңге).

● **Тұрмыстық қалдықтар салатын контейнерлерге құрылыс қалдығын тастауға болмайды!** Жазда тұрғындар құрылыс жүргізіп, оның қоқысын контейнердің маңына, яғни тұрмыстық қалдықтарға арналған бактарға тастайды. Құрылыс қалдықтарын арнайы полигонға шығаруға тапсырыс беру керек. Талапты бұзғандар ӘҚБтК-нің 336-бабына сәйкес 20 АЕК (73 840 теңге) айыппұл төлейді.

● **Тұрғындар түн тыныштығын сақтауға міндетті.** Түнгі уақытта көпқабатты үй тұрғындары жұмыс күндері: 22.00-ден 9.00-ге дейін, демалыс және мереке күндері: 23.00-ден 10.00-ге дейін тыныштық сақтауға міндетті.

Бұл талапты бұзғандар үшін салынатын айыппұл көлемі: 5 АЕК (18 460 теңге), қайталанған жағдайда – 10 АЕК (36 920 теңге).

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

«**Алматы жылу жүйесі**» ЖШС тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында бекітілген инвестициялық бағдарламаны және бекітілген тарифтік сметаны орындау туралы 2025 жылғы 1 жартыжылдық үшін есеп бойынша жария тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды:

Табиғи монополия субъектісінің атауы: «Алматы жылу жүйесі» ЖШС. Реттелетін қызметтердің түрі: жылу энергиясын беру, бөлу және тарату. Табиғи монополия субъектісінің орналасқан жері: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 221.

Тыңдалымның өтетін күні мен орны: 2025 жылғы 15 шілде, сағат 15.00. Жария тыңдаулар Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 221, 3-қабат, 319-кабинет мекенжайы бойынша өткізіледі. Жария тыңдауларды өткізу форматы туралы қосымша ақпарат Кәсіпорынның www.alt.s.kz сайтында орналастырылады.

Қатысу үшін тыңдаушылар тізімін қалыптастыру үшін алдын ала жазылудан өту қажет: - мына телефон нөмірі бойынша: +7 (727) 341-07-00, ішкі 2201. - мына электрондық мекенжай бойынша: a.ospanov@alts.kz.

Қатысушыларды тіркеу тыңдау өткізілгенге дейін 24 сағат бұрын аяқталады.

«**КБС GAZ**» ЖШС, «Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің ең жоғары бағаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің №217-н/қ бұйрығының негізінде 01.07.2025 жылдан бастап 30.06.2026 жылға дейінгі кезеңде ірі коммерциялық тұтынушыларға, цифрлық тау-кен өндірісімен айналысатын тұлғаларға немесе цифрлық өндіру үшін электр энергиясын өндіруге арналған тұлғаларға және «Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2023 жылғы 6 маусымдағы №210 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы» № -216-н/қ бұйрығын кейін сатуға арналған «Қазақстан Республикасының ішкі нарығында тауарлық газды көтерме саудада өткізудің ең жоғары бағасын бекіту туралы» 2025 жылғы 1 шілдеден 30 маусым 2028 жылға дейінгі кезеңде, тауарлық газ бағасының өзгеруі туралы 2025 жылғы 1 шілдеден бастап, хабарлайды.

Сату бағасы «Птицевод», «Болашақ», «Дружба», «Қарасу» шағынауданының тұтынушылары үшін:

- тұрмыстық тұтынушылар үшін – 1000 м³ 48 389,39 теңге ҚҚС қосылған; - коммуналдық және тұрмыстық тұтынушылар мен заңды тұлғаларға – 1000 м³ 50 629,39 теңге ҚҚС қосылған; - бюджет қаражаты есебінен ұсталынатын бюджеттік ұйымдар үшін – 1000 м³ 53 766,81 теңге ҚҚС қосылған.

«**Жолашар ЖД-Сервис**» ЖШС қоршаған ортаға эмиссиялар бойынша рұқсат алу мақсатында Рауалы шығарылымдар нормативтерінің (РШН) жобасымен, Қалдықтарды басқару бағдарламасының (ҚББ), Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының (ӨЭББ), Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының (ҚОҚШЖ) Алматы қаласында қоғамдық тыңдаулар өткізуде. Аумағы әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өтетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Алматы қаласы, Алмалы ауданы.

Тыңдаулар 2025 жылғы 23 шілдеде, сағат 11.00-де Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Нұрмақов көшесі, 1/1А. «Жолашар ЖД-Сервис» ЖШС БСН: 060940003641 заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Нұрмақов к-сі, 1/1 байланыс тұлғасы: Боранбаева Клара Маратқызы, тел.: +7 771 667 89 59, e-mail: k.borambaeva@mail.ru.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші – «Картқужаков» ЖК, ЖСН: 711022300010, нақты мекенжайы: Алматы қ., Райымбек даңғылы, 496 А, 409-кеңсе, Тел.: +7 (727) 393-86-51, e-mail: expertoshkz@gmail.com.

Объектінің қызметі туралы қосымша ақпарат алуға, жария тыңдау өткізу кезінде, сондай-ақ, e-mail бойынша кезделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады: **saken_starlei@mail.ru Тел.: +7 705 222 65 41.** Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты – «Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы» РММ, мекенжайы: Алматы қаласы, Республика алаңы, 4, тел.: +7(727) 338-32-15. e-mail: ecology@almaty.gov.kz.

Қосымшалар: РШН, ҚББ, ӨЭББ, ҚОҚШЖ.

Алматы қаласындағы қылмыстың деңгейі

2025 жылдың 5 айының қорытындысымен «Тіркелген қылмыстар туралы» есебінің статистикалық мәліметтеріне сәйкес, Алматы қаласының қылмыстық қудалау органдарымен 9760 (2024 жылдың 5 айы – 10474) қылмыстық құқық бұзушылықтар тіркеліп, 6,8%-ға төмендегендігі байқалады.

Қылмыстың санаттары бойынша: аса ауыр – 61%-ға (154-тен 60-қа дейін), ауырлығы орташа – 22,6%-ға (3853-тен 2983-ке дейін), ауырлығы онша емес – 14,9%-ға (1877-тен 1597-ге дейін) төмендеген.

Ауыр санаттағы қылмыстар 2,6%-ға (3066-дан 3145-ке) өскен. Қылмыстың түрлері бойынша: - ұрлық (ҚК-тің 188-бабы) – 30,2%-ға (3271-ден 2283-ке дейін); - кісі өлтіру (ҚК-тің 99-бабы) – 48,6%-ға (35-тен 18-ге дейін); - денсаулыққа ауыр зиян келтіру (ҚК-тің 106-бабы) – 20,6%-ға (63-тен 50-ге дейін); - бұзақылық (ҚК 293-бабы) 6,3%-ға (79-дан 74-ке дейін); - алаяқтық (ҚК 190-бабы) – 1,6%-ға (3816-дан 3755-ке дейін) төмендеген.

Керісінше, интернет жүйесі арқылы жасалатын алаяқтық – 22,7%-ға (908-ден 1114-ке дейін) өскен.

Қазіргі кезде өршіп тұрған қылмыстық құқық бұзушылықтың түрі – интернеттегі алаяқтық. Алаяқшының мақсаты заңсыз жолмен басқа адамдардың ақшасы мен мүлкін иемдену. Бұл құқық бұзушылық Интернет арқылы немесе оған қосылған қосымшалардың (бағдарламалардың) арқасында жүзеге асырылады.

Интернеттегі алаяқтықты болдырмау мақсатында, Алматы қаласы прокуратуралары, қылмыстық қудалау органдарымен түрлі видеороликтер жасалынып, халықтың назарына ұсынылып жатқаны бәрімізге белгілі.

Кез келген тұлға осындай қылмыстық құқық бұзушылықтың құрбаны болуы әбден мүмкін, сол себепті абай болу, өзіңізге қатысты жеке мәліметтердің қауіпсіздігін бақылаған жөн.

Әйелдер құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қорғауға бағытталған заңнамадағы өзгерістерге байланысты, отбасы және тұрмыстық саладағы құқық бұзушылық (ҚК-нің 108-1, 109-1-баптары) саны 234,8%-ға (23-тен 77-ге дейін) артқан.

Аталған көрсеткіштің өскендігі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 73-1-бабы «Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру» мен 73-2-бабында «Ұрып-соғу» көзделген құқық бұзушылықтардың 2024 жылдың 15 маусымынан бастап Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексіне ауысқандығымен түсіндіріледі.

Б.Н.УСЕНБАЕВ,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитеті Алматы қаласы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің бастығы.

#заң_және_тәртіп
#закон_и_порядок



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail: alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

КИНОКЕҢІСТІК

Алматыда қазақстандық «Ерекше дәрігер» фильмі бірер күнде прокатқа шығады. Үлкен экранға жол тартатын өзгеше туынды – отандық кинокеңістікте танымал актерлармен бірге Даун синдромымен туған балалар ойнаған ең алғашқы көркем фильм.

«ЕРЕКШЕ ДӘРІГЕР»

фильмі үлкен экранға жол тартты

дырғандар тұрған жоқ па, олардың еңбегін пайдаланып, ақша бопсалап жүргендер бар шығар, бәлкім?» деген секілді сұрақтарға жауап іздеп, шытырман оқиғаларға тап болады.

Иә, инклюзивті «Ерекше дәрігердің» жанры – әлеуметтік драма элементтері бар мистикалық детектив. Бас продюсері – София Витвер.

Алматы мен Астанада түсірілген кино-туынды көрерменін ерекше балалардың шынайы өміріне назар аудартады, олар да осынау қоғамның бір мүшесі екеніне, олардың да қолынан көп дүние келетінін жеткізуді мақсат еткен.

Марта – өмірде де адамдарға көмектескісі келіп тұратын мейірімді қыз. Ал картинада Виктор Цойдың өлеңін айтқан кішкентай Арлан шын мәнінде Цойдың барлық туындысын жатқа білетін балақай.



(Сурет: ашық дереккөзден).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Азиз БЕЙШЕНАЛИЕВ, актер, режиссер:

Балақайлар рөлдерін сәтті алып шықты

Маған осы картинаға түсуге ұсыныс түскенде, әрине, қуана келістім. Себебі, дәл осындай форматта Орталық Азияда осы тектес фильмінің түсірілгені есімде жоқ. Картинаға түскен балалар шынайы ойнап шықты. Олар бізге емес, керісінше, оларға біздің икемделуімізге тура келді. Өйткені, ерекше балдырғандарға сахнаның кәсіби талаптарын қоя алмайсыз, олар дәл сол сәтте не ойлап тұр, нені айтқысы келеді, қалауы қандай, соны көрсетті. Яғни балалар үшін арнайы сценарий болған жоқ, олар импровизация жасады. Әрқайсысы өз рөлін сәтті алып шықты. Ал біз олардың әр табиғи сөйлеген, шынайы сәттерін кадрларда ұтымды пайдалануға тырыстық.

Шыны керек, біздің мансаптық жолымызда бұл бір ерекше түсірілім болды. Даун синдромымен туған балалардың дамуы оның қоршаған ортасына да көп байланысты. Картинаға түскен ерекше балақайлар болашағының жарқын болуына тілекшімін.



СӘН ӘЛЕМІ

«MISS QAZAQSTAN – 2025»

Ұлттық байқаудың финалы Алматы метросында өтеді

Ұлттық «Miss Qazaqstan – 2025» сұлулық байқауы биыл ерекше форматта өтеді. Ақтық кезең Алматы метрополитенінде, нақтырақ айтқанда – Мұхтар Әуезов атындағы станцияда ұйымдастырылады. Бұл туралы байқау директоры Айжан Рузаева Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында мәлімдеді.

Оның айтуынша, метро – байланыс құралы ғана емес, мәдени өзгерістер мен урбанистиканың жарқын белгісі. Сол себепті, байқаудың биылғы тақырыбы «Таңдау еркіндігі» деп аталыпты.

«Алматының метросын мәдени алаң деп атасақ та артық емес. Біз байқауды халыққа жақындатқымыз келеді. Архитектура мен қалалық атмосфера аясында өтетін финал нағыз есте қаларлық оқиға болмақ», – дейді Айжан Рузаева.

Биылғы «Miss Qazaqstan» шоуы сұлулық, сән, технология мен қала атмосферасын біріктірмек. Ұйымдастырушылар Мұхтар Әуезов атындағы станцияны бекер таңдамағанын айтады. Метро да – түрлі оқиғалар мен тағдырлар тоғысатын жер. Спикерлердің айтуынша, іріктеу қазір 15 қалада өтіп жатыр. Қатысушыларға тек сыртқы сұлулық емес, ішкі әлемі, білім-білігі, зеректігі мен белсенділігі бойынша да талап қойылады.



(Сурет: ашық дереккөзден).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Құралай ҚҰРМАН, Ұлттық «Miss Qazaqstan» сұлулық байқауының PR-менеджері:

ӘДЕМІЛІККЕ ШЕКТЕУ ЖОҚ

Біз «Miss Qazaqstan» байқауын сән сахнасы етіп қана қоймай, әркім өзін көрсететін, шабыт сыйлайтын еркін алаңға айналдырғымыз келеді. Бізге жәй ғана сұлу қыз емес, қазіргі қазақ әйелінің бейнесін көрсете алатын еркін, батыл, ойы терең, зерделі арулар қажет. Иә, сұлулық деген – шектеу емес, адам өз ойындағысын ашық айтатын үлкен мүмкіндік екенін де қоғамға жеткізбекпіз.

Байқаудың финалы жәй ғана жарқ-жұрқ еткен сән іс-шарасы емес, нағыз мәдени манифест болмақ. Көркем сахна, цифрлық технологиялар, жанды музыка мен ерекше сәулет тоғысатын бұл оқиғаны қала тұрғындары да тамашалай алады.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.

